Жапон делегациясы – Қарағандыда
2-бет

Жер астындағы қанатсыз періштелер
5-бет

Чемпиондар аллеясы ашылды
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБІ, **26 ТАМЫЗ**, 2023 ЖЫЛ **№95 (23 271)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті кеншілер, көмір саласының қызметкерлері!

Сіздерді Шахтер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл – біздің аймақ үшін ерекше күн. Өкінішке қарай бұл мереке «Қазақстан» шахтасында болған қайғылы оқиғамен тұспа-тұс келді. Бұл күні біз осы салада қажыр-қайрат танытып, өз жұмысын адал атқарып жүрген жандарға алғысымызды білдіреміз. Сонымен қатар өмірден өткен кеншілерді еске аламыз. Күн сайын шахтерлер қауымы ел игілігіне қызмет етіп, ел экономикасының өркендеуіне, оның ішінде аймағымыздың дамуына үлес қосады.

Біз өзінің тәжірибесін жас мамандарға үйретіп, кеншілердің даңқты дәстүрлерін жалғастырып келе жатқан ардагерлерге және осы салада еңбек етіп келе жатқан барлық азаматтарға алғысымызды білдіреміз.

Құрметті шахтерлер! Біз сіздердің қызметтеріңізге деген адалдықтарыңыз бен еңбекқорлықтарыңызды жоғары бағалаймыз. Мерекеге орай сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нүркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

● ЕРТЕҢ – КЕНШІЛЕР ЖӘНЕ КЕН БАЙЫТУШЫЛАР КҮНІ

Кеншінің келбеті

Шахтер. Ақзер әлемнің қадір-қасиетін кеншіден артық кім түйсініп, біле қойсын, сірә. Қасиетті Қарағанды өлкесін жарты жаһан қара алтынның, металдың қамбасы деп біледі. Қарағанды қарапайым еңбек адамдарының да отаны. Кенші дегенде көз алдымызға жұмыр жүрегінде қажыр мен қайраты атой салған өргек жандар келетіні кәдік.

Коллажды жасаған Ш.Адамбекова

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол әр күні кезекті қызмет ауысымынан оралмауы мүмкін. Бұл зілмауыр ойлар кеншінің отбасына күнделікті кесе-көлденең тұратыны айдан жарық ақиқат. Шахтер кәсібі құрметті болғанымен, әлемдегі ең қауіпті мамандықтар санатынан.

Өкінерлігі, биыл да «Қазақстан» шахтасында тағы бес кенші қаза болды. Олар – Денис Стешин, Артур Халиков, Виктор Бургун, Виталий Слюньков, Илья Старовойт еді. Нағыз азамат азаппенен әлді. Бұл қаһармандар берісі отбасын, әрісі еліне игілік әкелемін деген ақтық сапарда жан берді. Әр кенші өз міндетін мінсіз атқарады. Дертін айтпаған дәрмен таба алмайды. Осы орайда «елге салым қосамыз» деген рәуішті қаншалаған уәдені кемерінен асыра үйіп төккен алпауыттар сайып келгенде Конституциямызда жазылған ең ұлық күнкүн сайынғы бір ерлігі тұтас қарақан елге дем-күш береді. Олар халқына адал, антына бекем. Осы орайда кеніш инфрақұрылымы заманауи қалыпқа тезірек еніп, бір денедей бір бүтін болғанда іс оңалмақ. Болғаны, әркім өзінің қолынан келген міндетін атқарса, жарағаны. Бұл сөзіміз ұққан құлаққа, қарақты көзге бір мысал. Ғайыптан киліккен тажалға айла жоқ.

Кеншілер кері шегіну дегенді білмейтін көзсіз батырлар. Осы жолда ел билігі алдылығымыз – адамды аман алып қалуға дәреметі жетпей тұр. Опындыратыны да осы. Орнында бар оңалар. Кеміген толар. Әсте-әсте бұл олқылық та дұрыс қалыпқа түсер деген үміт қыламыз. Үміт те, үгіт те етеміз! Іштен кейігенімізбен, терең сенім білдіреміз. Әзір, айтып келмейтін ажалды қарғағаннан басқаға жарамай тұрмыз. Бірақ, осы бір кенші атаулының тынымсыз пауыт иелерінің орасан қателіктерін кейінгі мезгілдерде ашық айтып сындағаннан қорықпайды. Кеншінің кенен кейпі осындай. Қанша тың технология енгізілсе де кеншінің қос қолынан қайласы әсте түспеді. Түспейтін де шығар, бәлкім. Кеншінің бір күні былайғы жандардың мың күніне татырлық.

...Бір кеніште жеті кенші еңбектеніп жатады. Кенет шыңыраудан жарылыс дыбысы естіліп қап, кен орнындағылар шығаберіс туннельдің бітеліп қалғанын аңдайды. Бір-біріне қайран қыла алмай, абдырап қалған әлгі жетеу біраз шамадан соң, шыңыраудан шығу амалдарын қарастыра бастайды. Кәнігі кеншілер туннельдің бітелген аузын ашуға қанша уақыт кететінін әрі оттегінің қанша сағатқа жететінін есептеп алды. Сәттілік серік болса, оттегі әрі кеткенде үш жарым сағатқа жетерлік екен. Ендігі мақсат сол уақыт мұғдарында шыңыраудан шығып үлгеру. Қолында сағаты бар жетеудің біреуі «уақыт кетті» деп әмір берісімен жанталас басталып та кеткен. Ауық-ауық «сағат қанша?», «қанша уақытымыз бар?» деген тәрізді қаншалаған сауалдар үміт отын жағумен болды. Бір минуты бір сағаттық, бір сағаты бір ғасырдан да ұзақ қапастағы харекет жалғаса берді, жалғаса берді. Қолында сағаты бар ауысым басшысы егерәки бұлай жалғаса беретін болса, бойын қорқыныш дендеген жұмысшылар өздігінен ауа қармауға көшіп, жантәсілім ететінін іштей сезді. Ол дереу сұрақты азайтып, жұмысты өндірте істеуді талап етті. Бір сағат өткен соң «жарты сағат өтті» деген ауысым басшысы уыстағы уақыт пен ауаны барынша созып бақты. Көзге түртпісіз түнек ішінде күн көзіне асығып тайталасқан өзгелері осы бір ауыз сөзге имандай иланды. Арада бес сағат өтті. Күн сәулесі шыңырауға түсті. Алтауы аман есен қалып, қолсағаты бар кенші жан берді.

Бұл кәдуілгі әфсана ғана. Астарына бір ақиқат жасырыныпты. Не өлсе де, сенім өлмейді деген.

Кім не десе, еркі өзінде. Тамыз айының соңғы жексенбісі кеншілер мен байытушылар күні. Кен өндірісі еліміздің бас саласы болса, кенші кәсібі ең қадірлі мамандық. Сондықтан, қадымнан бүгінге дейін кеншінің кенен келбеті өз биігінен аласармақ емес.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Іске сәт!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,
ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Mecenat.kz компаниясы – қазақ ұлттық буржуазиясының көшбасы болғалы тұр!

Mecenat.kz компаниясы ұйымдастырған роман байқауына аса қуанбай, күдікпен, тіпті, шошына қарап едік, шимай-шатпақ жасайтын дарынсыз бір халтурщикке беріп жібере ме деп...

Бүгін сол бәйгеде Тұрысбек Сәукетайдың жүлделі болуы – қазақ руханиятындағы оқшау һәм ғажайып оқиға болды!

Бұған дейін бізде қолдан жасалған, шикі, мемлекеттік буржуазия ғана бар еді! Бір кездегі Мемлекет басшысының «қайсыңды болса да түрмеге тыға алам» дейтін, өзі жасап шығарған «буржуазиясы» – бұл! Елдің ырысын ұрлап-жырлаған ат төбеліндей топ, Қазақ халқының ашу-ызасын туғызатын ашқарақ сословие! «Ештен де кеш жақсы» деген, енді міне, қазаққа жаны ашитын, оның мәдениеті мен әдебиетін жетік білетін Ұлттық Буржуазияның да қарасы көзге шалына бастады! Құдайға шүкір!

Бұл компания осымен тоқтап қалмай, әдебиет пен өнердің барлық саласына назарын аударса, нұр үстіне нұр болғалы тұр; біз қуып жете алмай келе жатқан 30 елде жоқ ұлы поэзия, ұлттық поэзия – осы елде! Ол Гомерден бастап, Андрей Вознесенскийдердің шедевр туындыларын өз тіліне тәржімелеп алған, олар біздің Жыраулар поэзиясы түгілі, Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағалиларды да өз тілінде оқи алған жоқ, оған олардың поэтикалық потенциалы жетпей жатыр!

Ендігі назарды Қазақтың Қара өлеңіне салса, қандай ғажап болар еді?! Екі жылда бір рет 7-8 қаламгерге бөліп беретін Мемлекеттік сыйлығымыздың нобайы белгілі... Өркениетті елдерде жазушыларға мемлекет емес, ешкімге жалпақтап, жалпақ шешей болмайтын қоғамдық ұйымдар, Mecenat.kz сынды алпауыт қаржылы компаниялар береді!

P.S. Mecenat.kz компаниясының жігіттеріне алғашқы қадамдарың құтты, шаңырақтарың мықты болсын дейміз! Іске сәт, қазақ байлары! Бай, қуатты болыңдар!

● 29 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

Өмірге құштарлық

Өткен ғасырда адамзатқа алапат апат, зор қасірет әкелген ядролық сынақты қазақ даласы да бастан кешті. Бүгінде Семей полигонында жарылыстың үні өшті, тәубе. Бірақ, зардабы қалды. Аталған күн қарсаңында Семей ядролық сынағының зардабын көрген тірі куәгер, еліміз ғана емес, әлем таныған суретші, полигонды жабуға мұрындық болған халықаралық антиядролық қозғалыс белсендісі, «Атом» жобасының елшісі, Нобель сыйлығының номинанты Кәріпбек Күйіковпен кездесу өтті. «Әлем суретшінің көзімен» аталатын кездесуді Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында American Corner Karaganda ресурстық орталығы мен кітапхана ұйымдастырды. Іс-шараға мектеп оқушылары, студенттер, еріктілер, жастар ұйымының жетекшілері, кітапханашылар қатысып, Кәріпбек Күйіковтің әңгімесін зор ықыласпен тыңдады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Семей ядролық полигоны – қазақ даласына зор қасірет әкелген алапат апат. Атом бомбаларының жарылыстары аса ауыр болған сынақ қоршаған ортаға орасан зор зардабын тигізді. Ашық дереккөздерге сүйенсек, Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті. Полигоннан 100 шақырымдай жерде орналасқан Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданының тұрғындары да осы жарылыстың зардабын тартты. Олардың ішінде кейіпкеріміз Кәріпбек Күйіков те бар. Ядролық сынақтың зардабын көріп, дүниеге қолсыз келген, тағдырына мойымаған жан бүгінде шығармашылық пен қоғамдық жұмысты қатар алып жүр. Оның ерік-жігері өзгеге үлгі.

– Мен Семей ядролық полигонынан 100 шақырымдай жерде орналасқан Егіндібұлақ ауылында 1968 жылы туғанмын. Әкем талай тарихи оқиғаларды әңгімелеп отыратын. Өзімен бірге Семей полигонына алып баратын. Жарылыстан соң қалған қалдықтарды, танк, ұшақ, техникаларды өз көзіммен көрдім. Радиация тірі ағзаға әсер етеді. Одан зардап шеккен адамдарды да көзіммен көрдім. Семейде туберкулез ауруын емдейтін аурухана бар-тын. Алайда бұл радиация зардабын тартқан адамдарды зерттейтін орын болатын. Мұнда дамуында генетикалық ауытқуы бар балалар, жас жігіттер, ядролық полигонда қызмет еткен солдаттар жатқызылды. Полигоннан зардап шеккен көптеген отбасын білемін. Әкемнің әріптесі 10 бала сүйді. Бірақ барлығы да ауру болып туып, шетінеп кетті.

➤ 8-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 501.22 ●**USD/KZT** 462.04 ●**RUB/KZT** 4.89 ●**CNY/KZT** 63.47

Қазақстан Ұлттық Банкінің 25 тамыз, 2023 жылғы дерегі бойынша

Абайлықтардың айтары аз емес

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Абай ауданына жұмыс сапарын Юбилейное ауылынан бастап, осында салынып жатқан жаңа көпірдің құрылысымен танысты. Су тасқыны шайып кеткен ескі көпірдің орнын басатын бұл нысандағы жұмыстар осы күзде аяқталып, сол арқылы тұрғындар аудан орталығы мен Қарағанды қаласына еркін қатынаса алады. Қазірде оның арқалықтары дайын болып, қадалары орнатылып, бетон жұмыстары ғана қалыпты.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі осы тұсқа таяу Тасзаемка ауылына кіреберіс жолды жаңғырту барысын да көрді. Ұзындығы 2,2 шақырым болатын бұл жолдың 77 метрін биіктігі 4 метр болатын жаңа көпір алып жатыр екен. Сондықтан да Ермағанбет Бөлекпаев мердігерге белгіленген шаруаны дер кезінде аяқтап, көлік қозғалысын қалпына келтіруді тапсырды.

Бұдан кейін облыс әкімі Дубовка ауылында да болып, 90 пайыз тозығы жеткен кәріз жүйелерінің жаңартылуымен танысты. Бүгінге дейін 2024 жылы жүзеге асырылып бітуі тиіс жоба бойынша қазылған жерлерге 29,6 шақырым құбыр төселген.

Абай ауданында өнеркәсіп кәсіпорындарынан «Абай» шахтасынан бөлек «Бас «ТКК» көмір разрезі де бар. Металлургия өндірісіне қажет «ОС» және «К» маркалы кокстелетін көмір өндіруді жоспарлап отырған компанияның құрылтайшысы Денис Черкашиннің айтуына қарағанда, кен орны құм-қиыршық тас қоспасына, жасыл және қызыл сазға бай. Қазір онда аршу жұмыстары жүргізілуде. Егер осы кәсіпорын іске қосылса, жылына 300-500 мың тонна көмір өндіріп, байыту фабрикасы мен кірпіш зауытын салу жоспарланған.

Одан әрі Ермағанбет Бөлекпаев Топар кентіндегі Денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылымына барды. Бұл аудан бойынша қатарға қосылатын екінші осындай кешен болмақ. Оның біріншісі осыдан алты жыл бұрын Абай қаласында салынып, осы күні игілігін халық көруде.

Ал, Топарда бой көтеретін жаңа нысан да одан бір кем болмайды. Алдында газетімізде жазғанымыздай, 100 көрерменге арналған жаңа кешенде әмбебап ойын залы (баскетбол, волейбол, бадминтон, үстел теннисі), спорт және күрес залдары, жаттықтырушылардың және басқа да қосалқы бөлмелері болады. Бас мердігер «Astana Koktem Group» ЖШС құрылысшылары оны биылғы күзде пайдалануға бермек.

Түстен кейін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен облыстық басқармалардың басшылары Абай қаласындағы Денешынықтыру-сауықтыру кешеніне келді. Мұнда оларды ауданның ауылдары мен кенттерінен келген біршама қауым күтіп отырған еді. Тұрғындар өздеріне берілген мүмкіндікті пайдаланып, облыс әкімі мен тиісті басқарма басшыларымен кездесіп, өтініш-арыздарын айтуға жиналыпты.

Кездесу барысында 36 адам электрондық кезекке тіркеліп, талондар алды. Сол бойынша шақырылған әр адамның айтқаны құлаққа ілініп, назарға алынды. Мәселен, Абай қаласының бес көшесіндегі 85 үй орталық жылу жүйесіне қосылмаған «БАМ» деп аталатын шағын аудан тұрғындарының мұң-зары жеткілікті. Олар жолдың нашарлығы мен спорт алаңдарының жоқтығына шағымданды. Мұны мұқият тыңдаған Ермағанбет Бөлекпаев дереу қала әкіміне тапсырма берді. Қарабас кентінің тұрғыны Илья Демиденко экология, жол қауіпсіздігі, көлік қозғалысы сияқты бірнеше мәселені көтеріп, орнықты жауабын алды. Ал, Топар кентінің тұрғындары балабақшаларда орын жетіспеушілігін қозғаса, оны мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде шешу ұсынылды.

Біз арасында осы кездесуге қатысып, шығып бара жатқан бірді-екілі адамды тоқтатып, сөйлесіп көргенбіз. Соның бірі – Аида Құсайынова Абай қаласында өзінің баласы баратын «Таңшолпан» балабақшасының сырт көрінісі жүдеп тұрғанын айтуға келіпті. Бұған ол мәселенің келесі жылы шешілетіні айтылған. Есенгелді ауылының тұрғыны Елена Сұлтанова Шахтинск қаласынан өз ауылдарына тікелей қатынайтын жол тартылуын қалайды екен. Әйтпесе, олар Ленин шахтасы арқылы айналма жолмен қатынап, жол азабын көріп жүр. Оның да шешілуі алдағы күндердің еншісінде екені айтылыпты оған берілген жауапта.

– Бүгінгі кездесудегі сұрақтардың көпшілігі – ТКШ, жолдар, жылу мәселесі. Жастарға жылдық 2,5 пайызбен жеңілдікті несие беру өтінімдері белгісіз себептермен ұзақ уақыт қаралмайтыны да қозғалды. Біз осының себебін анықтаймыз. Барлық мәселелерді жазып алдық. Енді соларды әріптестермен бірге пысықтаймыз, – деп қорытындылады кездесуді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Абай ауданы

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Отан – отбасынан басталады

Отбасы – кіші мемлекет. Махаббат, мейірім, ауызбірлік – кіші мемлекеттің ұйытқысы, бойтұмары. Елімізде отбасылық құндылықтардың кең ауқымда дәріптелуіне барлық жағдай жасалып жатыр. Оның айқын дәлелі – «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы. Қарағандыдағы «Достық үйінде» облысымыздың ең үлгілі, ең үздік отбасылары марапатталды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Биыл 10-шы жыл. Облыстық байқауға аудан бойынша үздік атанған отбасылар қатысты. Іріктеу кезеңі өңірдегі қала, аудандарда 15 мамыр мен 30 маусым аралығында өтті. Ондағы қатысушылардың жалпы саны 315-ке жетті. Ақтық сынға әрқайсынан 2 отбасы жолдама алды. Үздіктерге облыс әкімінің берілді. І орыннан Отарбаевтар көрінді. Жеңімпаздарға 700 мың теңге бұйырды. 1 млн. теңгелік сертификаты бар бас жүлде Шет ауданындағы Амриндердің қанжығасына байланды.

Марапаттау рәсімінде сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов ұлттық байқаудың маңызын атап өтті.

– Өнегелі отбасы – қоғамның байлығы. Сіздердей азаматтардан халық үлгі алуы тиіс. Отбасылық құндылықтар атынан ақшалай сертификаттар табысталды. Байқауда Абай ауданына қарасты Юбилейный кентінен келген Клименколардың отбасысы III орын алды.

– Біздің осында келуімізге көршілеріміз түрткі болды. Әуел баста сенімсіздеу болдық. Бірақ, ауыл жұрты сенімімізді арттырып, қолдау көрсетті. «Ауылдағы үздік отбасысыңдар» деп жылы лебіздерін білдірді. Халыққа сенім артқандары үшін алғысымыз шексіз. Аудандық байқауда II орын алған едік. Отағасы 40 жыл ауылда механизатор болып жұмыс істейді. Үлгілі еңбек адамы. Мен волейбол ойнап, саламатты өмір салтын ұстанамын. Қызым үй шаруасымен айналысып, маған қолғабыс жасайды. Үйдегі барлық шаруаны ақылдасып, бірге атқарамыз. Басты ұстанымымыз – татулық пен ауызбірлік, – деді Лариса Клименко.

III орын екі отбасыға берілді. Екіншісі – Омашевтар отбасы. Жүлдегерлерге 300 мың теңгеден табысталды. II орынды Бұқар жырау ауданының намысын қорғаған Дакировтар әулеті алды. Оларға 500 мың теңгенің сертификаты – ұлттық тәрбиенің өзегі. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының атқарар миссиясы зор. Байқау арқылы ауызбірлікті, шаңырақ астындағы махаббат пен мейірімді дәріптейміз. Бүгін сахнаға шығып, марапат алған үздіктерді шын жүректен құттықтаймын, – деді басқарма басшысы.

Байқау шарттары бойынша қатысушылар өздерінің отбасының күнделікті өмірі жөнінде бейнероликтер түсірді. Одан бөлек, ғұмырдың жарқын сәттерін айшықтаған фотосуреттері бар портфолио жасады.

10 жыл ішінде ұлттық құндылықты дәріптеуді мақсат тұтқан байқаудың шарапатын 50-ге жуық отбасы көрді.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген халық нақылы бар. Ұлттық байқауға қатысқан әр отбасы өздері тұратын ауылға, ауданға үлгілі. Өсіп-өнген, жанұялар өмірден түйген-білгендерін осы байқауда көрсетеді. Ұйымдастырушылардың сөзінше, жыл сайын қатысушылар қатары артып келеді. Соған қарағанда, ұлттық байқау өз мақсатына жетті деуге негіз бар.

● ІЗГІЛІК

Жапон делегациясы – Қарағандыда

Қазақ пен жапонның түрінде азиялықтарға тән белгілерден бөлек, өзге де ұқсастықтар бар. Ата-баба аруағын ардақтап, дәстүрді берік ұстанған қазақ қашан да ең алдымен тәрбиеге мән береді. Жапондықтар да солай. Отбасылық байланысты ерекше құрметтеп, ата-бабаларын жылына екі рет естеріне алып, өздерінің рәсімдерін жасайды. Қарағанды облысына Жапониядан келген делегация да осы мақсатты көздепті. Атап айтқанда, репрессия жылдары сүйегі осы жерде қалған ата-бабаларының рухына тағзым етіп, лайықты құрмет көрсету. Делегация құрамында келген Норико Ногучи ханымның әкесі әскери тұтқын ретінде лагерьде болып, Шет ауданының Көктіңкөлі ауылында қайтыс болған.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жапондық делегацияның бұл алғашқы келуі емес. Мәселен, өткен жылы да жапондық тұтқындар жерленуі мүмкін деген жерлерге зерттеу жүргізген. Әлбетте, бұл үлкен қажыр-қайратты қажет ететін жұмыс. Соған қарамастан облысқа арнайы келген делегация сонау 1991 жылдан бастау алған жұмысты тоқтатпайтындықтарын айтады. Қонақтарды облыстық мәслихат төрағасы Нүркен Қобжанов пен облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов қарсы алды.

– Сіздерді қонақжай Қарағанды жерінде қарсы алып отырғанымызға қуаныштымын. Жапония – біз үшін достық ел. Біз екіжақты қарым-қатынасымызды жоғары бағалаймыз. Өткен жыл Қазақстан мен Жапония үшін мерейтойлық жыл болды. Яғни, екі ел арасындағы қарым-қатынастың орнағанына – 30 жыл. Сіздер еркінен тыс осы жерде болған жапон әскери тұтқындарының жерлеу орындарына бару миссиясымен келіп отырсыздар. Біз қаза тапқандарды еске алып, көпжылдық дәстүрлерді құрметтейміз, – деді Нүркен Сайфиддинұлы.

Жапондық делегацияны бастап келген Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Джун Ямада мырза делегация құрамында қайтыс болған жапондықтардың туыстары бар екенін айтты. «Қарағанды – біз үшін ерекше мекен» деген ол делегацияны қабылдап, көрсеткен көмек үшін алғысын да білдірді.

Жалпы, соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанда орналасқан жапондық әскери тұтқындардың саны 58 мыңнан асса, Қарағанды облысының аумағында 24 мыңға жуық жапон әскери тұтқыны ҚарЛаг-та болды. Ал, 40-50 жылдары облыс аумағында әскери тұтқындар үшін төрт лагерь, атап айтқанда, №99 Спасск, №37 Балқаш №37 және №39 және №502 Жезқазған лагерлері құрылды.

– Мұрағат мәліметтеріне сәйкес, қайтыс болған әскери тұтқындардың 532-сі – жапондықтар. Олар соғыстан кейінгі Қарағанды мен облыстың дамуына өз үлестерін қосты, – деді облыстық мәслихат төрағасы.

Жапонияның Денсаулық сақтау, еңбек және әл-ауқат министрлігінің өкілі Тосио Конума мырза «Қазақстан» шахтасында болған апатқа байланысты қазақ еліне көңіл айтып, орын алған жағдайға қатысты мәселе жақын арада шешімін табады деген сенімін білдірді.

– Осы жолы делегация құрамында ерлі-зайыпты Ногучилар бар. Ёшиаки Ногучи мырзаның жұбайы – Норико Ногучидың әкесі Қарағанды облысының Көктіңкөлі ауылында қайтыс болған. Біз сол жерде мемориалдық рәсім өткіземіз, – деген ол Көктіңкөлі ауылының әкімдігі тарапынан да көмек көрсетілсе деген өтінішін білдірді.

Тосио Конума мырзаның айтуынша, Қарағанды – жапондықтар ең көп қаза тапқан жер. Бірақ, барлығының жерленген жері анықталмаған. Сондықтан, олар зерттеу жұмыстарын жалғастыруды тоқтатпақ емес.

– Біз Үкіметтен адамдарымыздың жерленген жері туралы ақпарат беретін КСРО кезіндегі құжаттарды алып отырамыз. Сол құжаттар бойынша өткен жылы Шет ауданының Ақшатау кентінен жерлеу орындары табылды. Ал, жалпы зерттеу жұмыстары 1991 жылы басталған, – деді Тосио Конума мырза.

Сегіз адамнан құралған делегация Шет ауданының Көктіңкөлі ауылындағы, Қарабас кентінің маңындағы жерлеу орындарында болады.

Суармалы алқап: астық көлемі артады

Өңірімізде суармалы алқап өркен жайып келе жатыр. Бұл дегеніміз егістіктегі шаруалардың жұмысы ширап, қамба құнарлы астыққа қампайып жатыр деген сөз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға таман суармалы алқаптарды 2,2 миллион гектарға жеткізу туралы Үкіметке пәрмен берген еді. Қарағанды облысында осы жұмыстар бойынша ілгерілеу бар. Әсіресе, астықты Абай ауданындағы диқандар мемлекеттің демеуін сезініп, егістіктегі өнімдерін еселеп алып жатыр.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтағы суармалы жердің жалпы ауданы 89,7 мың гектар. Ал, оның 64,7 мыңы – ірілі-ұсақты ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің иелігінде. Яғни, 72,1 пайызы. Мұндағы көшелі көрсеткіште Абай ауданындағы шаруа иелерінің үлесі әжептәуір. Әсіресе, «Аскер KZ» ЖШС жетекшісі биыл астық көлемін үш есе өндіріп алмаққа үмітті. Құлайғыр ауылынан он алты шақырым қашықтықтағы алқабына, яғни, 150 гектар аумаққа арпа еккен. Бұл жерді ұзақ мерзімге жалға алған. Шаруашылығында 10 жұмыскер бар. Шаруа қыза түскен шақта, астық жинайтын уақытта жұмыскерлер саны елуге дейін барады. Барлығы Құлайғыр ауылының тұрғындары.

Шаруашылық жетекшісі Максим Велинский бұған дейін бір гектардан 7-10 центнер арпа жинаса, биыл суармалы алқаптан 30 центнер өнім аламын деп отыр. Мемлекет субсидиясының септігі тиген. Суармалы алқапты жабдықтау кезінде жұмсалған қаржының дәлме-дәл жартысын Үкімет төлеп берді. Инвестициялық жобаның игілігін көрген диқан келер жылы тағы 150 гектарды суармалы алқапқа айналдырмақ. Ол үшін аустриялық «BAUER» маркалы екі суару машинасы, сорғы станциясы және құбыр сатып алады. Суды шаруашылығына жақын орналасқан бөгеттерден тартамын деген жоспары бар. Жасыратыны жоқ, Кеңес өкіметі құлаған соң суармалы жерлердегі су құбырлары, ирригациялық желілер қирап қалғаны бар. Қазір сол бөгеттерді, тоғандарды, жалпы су келетін көздерді қалыпқа келтіру жұмыстары да жүйелі жүріп жатқанын да айта кеткен жөн.

Диқан өз өнімін Қарағандыдағы құс фабрикалары мен ұн комбинатына өткізеді. Ал, гектарына 30-35 тонна картоп алатын М.Велинский өнімдерін Қазақстанның басқа қалаларына жөнелтеді. Бұл жердің картобын ел біршама танып қалған. Германиядан элиталық сорттың түр-түрін арнайы әкеліп, өсіреді. Содан да болар, шаруагердің тұрақты тұтынушылары көп.

Абайдағы Көксу ауылының картобына көпшілік сүйсінеді. 120 гектарға картоп салып отырған Владимир Гергелюк те былтыр Үкімет субсидиясы демеу болып, суару техникасын алған. Шаруагерлердің нұсқауымен суару техникасының «T-L» деген маркасын таңдапты. Биыл қолданыста екінші жыл екен. «Әзірге ешқандай кемшілігін көрген жоқпыз»,– дейді диқан.

Владимир – осы өңірдің тумасы. Егіспен айналысу ежелгі арманы екен. Осы бағыттағы шаруаны дөңгелетіп келе жатқандарына да жиырма жылға жуықтапты. Отбасыменен осыны кәсіп қылған. Алғашқыда 1 гектарға көкөніс, жеміс-жидек өсіріп, саудалапты. Содан кейін жер алып, егін сала бастап, қазір көбіне картоппен айналысады. Шаруа иесі «Жеріміз аса көлемді болмаған соң қымбат картоп түрін еге қоймаймыз» дейді. Картоптың бір ғана «Гала» сортыменен-ақ өнімдерін сыртқа экспорттап жатыр. Алматыға, одан әрі Өзбекстан асады екен. Суармалы алқап бұл шаруаның да өнім көлемін ұлғайтып отыр. 1 гектардан 25 тонна, тіпті, 30 тонна картоп алады.

Бұл технологияның тиімділігін түсінген Владимир келер жылы да суармалы алқап көлемін ұлғайтқысы келеді.

– Қаншама адам жұмсайтын қажыр-қайратты бір ғана техника атқарып шығады. Жұмыстың жеңілдегенін атап өткеніміз жөн. Керек уақытында машинаны қосасың, қажетті алқабыңды суарып береді. Өзің басқа жұмысыңды атқара бер, – дейді Владимир Гергелюк.

Шаруасын әртараптандыруды да тамалап қылып отыр. Егістікті жолға қойды, енді мал шаруашылығымен айналысуға ниетті. Қазір 15 жергілікті тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Науқан кезінде тағы 15 жұмыскерді еңбекке тартады екен.

Сонымен, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шығындарының бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларының, «Суару жүйелерін және тамшылатып суаруды құру және кеңейту» жобасына сәйкес, суару техникаларын сатып алу, онымен қоса, суару жүйелерін құру кезінде шыққан шығынның 50 пайызын субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ, «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау» қағидасының 6-тармағына сай су беру жөніндегі қызметтердің де құны субсидияланады. Мұны облыстағы ауыл шаруашылығы басқармасы өсімдік шаруашылығы бөлімінің басшысы Болат Омарбаев атап кетті.

Қазір облыстағы бес ауданның аумағындағы елуден астам шаруашылық жеткілікті мөлшерде сумен қамтамасыз етіліп отыр. Басым бөлігі – Абай ауданында, 31 диқаншылық ұйым бар. Суармалы жерді суаруға қажетті судың жетіспеушілігі туралы мәселе жоқ. Дегенмен, облыс басшылығы су қоймаларын әлі де көбейтуді мақсат етуде.

– Диқандардың заманауи үнемдеу технологияларын белсенді енгізуі көптеп көмегін тигізуде. Мәселен, былтырдың өзінде 24 шаруашылық 780 млн. теңгеге 40 машина сатып алды. Өз кезегінде бұл инвестиция су шығынын бір жарым есе азайтуға мүмкіндік береді. Аз шығынмен көл-көсір өнім алады, – дейді сала маманы Болат Омарбаев.

Басқарма берген ақпаратты арқау қылсақ, суармалы алқап жұмыстарына облыс қазынасынан 400 млн. теңге субсидия беріліпті Демек, өңірдегі көп диқан көпкөрім көмекті сезініп отыр.

Арқада суармалы алқап көлемі ұлғайып келе жатыр.

Абай ауданы

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Әскери борыш өтелмек керек

1 қыркүйектен Қарағанды облысында мерзімді әскери қызметке күзгі шақыру науқаны басталады. Шараны ұйымдастыру кезіндегі өзара іс-қимыл мәселелерін қорғаныс істері департаментінің өкілдері өңір басшысының орынбасары Ербол Әліқұловтың қатысуымен өткен кеңесте талқылады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеңеске облыс пен аудандардағы шақыру комиссияларының мүшелері, мүдделі мемлекеттік орган басшылары, облыстағы жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары қатысты.

– Күзгі шақыру 1 қыркүйекте басталып, 28 желтоқсанға дейін жалғаспақ. Кездесуде шақыру барысында туындайтын мәселелер легі талқыланды. Кеңес қорытындысы бойынша әскерге шақыру науқанын өткізу кезінде барлық мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы туралы ұсынымдар қабылданды, – деді облыс әкімінің әскери қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі Қанат Әбілханов.

Мұнымен бірге, кездесу барысында жергілікті атқарушы органдар мен әскери басқару мекемелерінің қойылған міндеттерді орындамаған өкілдері тыңдалды.

Өңір басшысының орынбасары – шақыру комиссиясының төрағасы Ербол Әліқұлов Қарулы Күштерді сапалы жасақтау жөніндегі кеңестің барлық қатысушыларына маңызды міндеттер қойды.

Естеріңізге сала кетсек, өңірлердегі әскерге шақыру комиссияларын облыс, қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары басқарады. Олар әскерге шақыру комиссиясының шешімімен немесе медицина мамандарының қорытындыларымен келіспеген азаматтардың өтініштерін қарайды.

Жастар денсаулығы – ұлт денсаулығы

Қарағандылық жастарға репродуктивті және психикалық денсаулық мәселелері жөнінде ақпарат беру, олардың денсаулығын қорғау мақсатында құрылған «Дос» орталығының жұмыс істеп тұрғанына 15 жылға жуықтады. Осы уақыт аралығында орталық 200 мыңнан астам жасөспірімге кеңес беріп, қамқорлық көрсеткен. Бұл 2009 жылы ашылған аймақтағы алғашқы орталық еді. Қазір жастар денсаулық орталығы барлық емханада бар.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Дос» жастар денсаулығы орталығы Қарағандыдағы №3 емхана базасында орналасқан. Жастар денсаулық орталықтары 10 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелеттік жасқа толмағандарға және 18 бен 29 жас аралығындағы жастарға медициналық, емдік-профилактикалық көмек, психоәлеуметтік және құқықтық қызмет көрсетеді.

Орталық меңгеруші Светлана Солдатованың айтуынша, мұндай көмек балаларға керек.

– Түрлі отбасы болады. Балалар, әсіресе, жасөспірімдер көп жағдайда отбасы мүшелерімен ашық сөйлеспеуі мүмкін. Ақпаратты интернеттен, жолдастарынан біліп жатады. Бала бойындағы физиологиялық және гормональді өзгерістер жайлы білуі керек. Оны сауатты жеткізу де маңызды. Емханаға қарасты жеті мектеп бар. Біз оларға ай сайын барып, түрлі тақырыптарда кездесу, тренинг, семинар, лекциялар өткіземіз. Қазіргі балалар тыңдамайды дейді ғой. Олай емес, – дейді ол.

Орталық ашылған бетте балалар гинекологі, уролог, дерматовенеролог, психолог, тіпті, заңгерлік те көмек көрсеткен. Алайда, ковид пандемиясынан бергі жылдары мұнда балалар гинекологі, психолог пен әлеуметтік қызметкер ғана бар.

– Жастармен ғана емес, медициналық қызметкерлер арасында, ата-аналармен де кездесу, лекция, семинарлар ұйымдастырамыз. Қазіргі жастар білімді, бәсекеге қабілетті болуы керек деп жиі айтады. Алайда, бірінші кезекте денсаулық. Өз денсаулығына жауапты бола білсе, ондай жастан жақсы азамат шығады, – дейді Светлана Христофоровна.

Осыдан бір-екі жыл бұрын жастар арасында жүргізілген әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша елімізде 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдердің үштен бір бөлігі жыныстық белсенді. Алайда, олардың 90 пайыздан астамы жыныстық жолмен таралатын аурулар мен АИТВ-дан қорғану жайлы біле бермейді. Сондықтан да, жастарға жыныстық және репродуктивті денсаулықты қорғау қызметтерін ұсыну, кеңес беру, қамқорлық көрсету бағытында ашылған жастар орталықтары заман талабына сай.

– Мен орталық ашылғаннан осында жұмыс істеп келемін, – дейді Светлана Солдатова. – Осы он жылдан астам уақытты салыстырсақ, жастардың бүгінгі күні ашық, именіп-қымсынбайтынын айтуға болады. Олар өздеріне қатысты кез келген мәселені ашық, ұялмай айтады. Айтылған мәселе осы жерде қалады. Ересектерді олардың рұқсатымен ғана шақырамыз. Негізінде әңгімелесу барысында баланың жақындарына өзі айтуына итермелейміз. Бірнеше жыл бұрын кейбір ата-аналар балаларына мұндай тақырыптарды айтуға рұқсат етпейтін, «ерте» деп. Қазір ата-аналар мұндай насихаттың қажет екенін түсінуде. Қандай жағдайда да бала жалғыз қалмауы керек. Отбасы мүшелері болмаса, басқа жанашыр жандардың қолдауы міндетті.

Өскелең ұрпақты зиянды әдеттерден қорғау, олардың зияны туралы ақпараттандыру мәселелері қарапайым шаруа секілді елестеуі мүмкін. Бірақ, оның астарында жастардың денсаулығы, тіпті, ұлттың болашағы, өсіп-өнуі жатыр. Коммуникация мен техникалық прогрестердің қарқынды дамуы сөзсіз жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен бірге, ол біз айтып отырған мәселені өзекті ете түседі.

Жасөспірім шақ – физикалық және психикалық даму кезеңі ғана емес, сонымен бірге дүниетаным мен мінез-құлық нормалары қалыптасатын уақыт. Жасөспірімдер бұрын сезінбегенді сезіп, білмеген өмірлік жағдайларға тап болуы ғажап емес. Бұл кезде қабылданған шешімнің дұрыс болмауы да мүмкін.

– Қиындық деген барлық кезде болады. Адам қателіктен үйренеді. Жастарға осыны түсіндіруіміз керек. Бастысы – содан сабақ алу, қайталамау, – дейді Светлана Христофоровна.

16 жасқа дейінгі кез келген жыныстық қатынас фактісі құқық қорғау органдарына айтылуы міндетті.

– Кәмелеттік жасқа толмаған қыздардың жүктілік жағдайы міндетті түрде хабарланады. Зорлау жағдайлары жиі болмаса да бар. Қыз бала 17-18-ден асқан болса, айтпаймыз. Қазір 15 жастағы қыздардың жыныстық өмірге араласуы жиі кездеседі. Олармен сөйлесеміз, түсіндіреміз, жүктіліктен, жыныстық жолмен берілетін аурулардан сақтану жолдарын айтамыз. Биылғы жарты жылда мен 600-ге жуық жеткіншекті қабылдадым. Зорлық, түсік фактілері тіркелген жоқ. 17 жасында жүкті болған бір қыз бала анықталды. Менің жеке бақылауымша, бұл мәселе 9 сыныптан кейін колледжге түскен қыздарда жиі, – дейді орталықтың балалар гинекологі Мухаббат Байдуллаева.

Оның айтуынша, балалар гинекологиясы қызметі жанданады. Енді учаскелік медбикелер мен терапевтер мектептерді аралап, медициналық тексерулер өткізіп, түрлі тақырыптарға лекция, семинар оқитын болады.

– Ұлдар – 18, қыздар 16 жасқа қарай психологиялық-гормональді тұрақтала бастайды. Осы кезеңде оларға барлық жағдайды бағамдап, оған қатысты дұрыс шешім қабылдай білуді айтуымыз, үйретуіміз керек. Осы кезде қыздарды дұрыс жолға бағыттап жіберсек, 17-18-інде дұрыс жүреді деп ойлаймын, – деді балалар гинекологі.

Светлана Христофоровнаның айтуынша, жастар арасында жыл сайын жаңа «сән» шығады.

– Бір жылдары «Көк кит», «Дом в облаках», желім иіскеу, суицидтік жайлардың жиілеп кеткен. Биыл «трендке» не шығатынын әзірге білмейміз. Бірақ, соңғы екі жылдағы біздің басты проблемамыз – электронды темекі. Қазір қызы да, ұлы да вейб тартады. Кейбір ата-аналар «Кәдімгі темекіден гөрі осыны тартсын» деп рұқсат береді екен. Қай мектеп екенін айтпаймын, бірақ, ұлдары – сыныпта, қыздары – дәретханада вейб тартады. Бұл – ортасына деген сый-құрметтің жоқтығы, – деді Светлана Солдатова.

Мамандардың бұл пікіріне қарап, жастар денсаулығымен айналысатын он орталық аздық етеді ме деген ой келді.

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

● ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

(Басы №92 санында)

Алақай!

Қарағанды Қасымға ескерткіш қойды!

Енді осы алаңда Ақындар аллеясы бой көтерсе, шіркін! Бұқар жыраудан бастап, Кемпірбай, Шөже, Қасым... Дәуітәлілер тұрса Күнге шағылысып!

Мағжан «Күннің ұлы, Ғұнның ұлы – мен келем!» – деп, бостан-босқа айтқан жоқ қой!

2011 жыл

Қасым жылы – 2011

Осыдан 20 жыл бұрын Алаш-Анамыз аяқ-қолын жинап, аман-есен босанды. Жарық дүниеге Азаттық атты сәби келді. Анамыз оны алтын құрсағында 9 ай, 9 күн ғана емес, 300 жыл бойы көтеріп еді. Алаш-Ана Азаттыққа босанды!!! Бүгінде Ол ат жалын тартып мінетін Азамат жасында. Тәңірге – тәубе!

Осы сәтте менің көз алдыма Америка үндістері елестейді: Яман тайпасының соңғы тұяғы XX ғасырдың 80-жылдары Мексиканың бір шаһарында жан тәсілім еткен екен. Осы бір тарихи келеңсіз кезді өз көзімен көріп тұрған Американың бір журналисі: «О, сұмдық-ай! Бір адам емес – бір тайпа халық! Осылай құрып кете ме?!» деп аңтаң қалғанда, ажал аузында жатқан тайпаның соңғы тұяғы: «Адамзат қызық, өлтіріп алып, өлтірген кім?, деп сұрайды» деп жаһаннамға жөнелтіп кетіпті. Жанды түршіктіретін оқиға бұл. Ғаламда тұтас бір ұлттың немесе ұлыстың өлуінен өткен қасірет жоқ!

Тәңірге тәубе дейік: Алашымыз – аман, басымыз – азат. Төрт құбыламыз түгенделер әлі! Алтау ала болмаса, ауыздағы кетпейді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Төсекте басы, төскейде малы қосылған Сібір жұртының (бүгін Ресейге бодан болып отырған елдің) ажал аузындағы кескініне қараңыз: түрі – түркі, түбі де түркі. Ділі – славян, тілі де, аты-жөні де – орысша. Сары орыс оны қара орысқа айналдырып жіберген... Құлда құн болмайды! Құл – Ұл болмайды! Ұл – құл болмайды! Адамзаттың материалдық және рухани құндылықтарын жасағандардың бәрі де ноқтаға асау басы сыймаған азат адамдар: Ньютон мен әл-Фараби, Пушкин мен Абай, Бауыржан Момышұлы мен Қайрат Рысқұлбеков, Қасым Аманжолов пен Мұқағали Мақатаев!

Үндістер жат елге оп-оңай бодан бола салды ма? Ата жауына қарсы еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып, күресе алған жоқ деп кім айтты? Тәңірдің маңдайға жазғаны осы болды: көп – қорқытты, терең – батырды, аждаһа – жұтты!

Тәубеге келейік. Біз Көк Тәңірдің көзі түсті! Көк Бөрінің Рухы, Күлтегіннің Аруағы жебеді бізді! 300 жыл бойы қара жерге сіңген қызыл қан үш миллиард гүлге айналды! Алаш-Ана жүрегін жаулығына түйіп алып, Аллаға бара жатыр. Аллаға жетіп жығылу үшін әуелі Абайға жүгінуіміз керек. Исі қазақтан Тәңірге алғаш тіл қатып, оның тағылымын жаны мен тәніне сіңірген осы Абай болатын. Бодан кезімізде бойымызға жұққан өтірік, өсек, мақтаныш, күндестік, бекер мал шашпақ, дарақылық сынды, XIX ғасырдан XXI ғасырға алып келген антиадамзаттық қасіретімізді талақ қылар кезең келді. Құран да, Құдай да оны оңдырмай мінеген-ді. Маған сенбесеңіз, Құранның «Ғасыр» сүресін оқыңыз:

«Заманға серт!
Ал осымды қаперге,
Пенде біткен туа қауіп-қатерде,
Иман айтып,
Адалдықпен жүрсе жұрт,
Ақиқаттың не екенін білсе қырт,
Азабына сабыр қылса зарлан бай,
Сол қияннан жол табады – Сандалмай!»

Дүние жүзінде жыл сайын бірнеше ұлыстар құрып кетіп жатады. Тәңірі тура Інжілдегі күнәһарлар мекені Содом мен Гоморра сынды бір-ақ күнде жоқ қылады. Неге? Ел бола алмағанынан құриды! Бір-бірін етектен тартқан алтыбақан алауыздығынан, ит мініп, ирек қамшылаған пенделігінен, өзінде барымен көзге ұрып, өзгеден артылмақ пиғылынан, единица болмаса, нөлдің түкке тұрмайтындығын түсінбегендіктен құрып жатыр олар!

Қазақстан кеудесін ашып, Абай дейтін алып Рентгеннің алдында тұр. Абай кітабынан әр парағы Қазақстан Жүрегінің Кардиограммасы: көкіректегі дертіміз бен өртіміз содан тайға таңба басқандай айқын көрінеді.

Исі қазақтың өткен жылға өкпе-базынасы жоқ-ау деймін: Барыс жылы Алашорданың тоқсан үш жылдығын атап өттік – өз дәрежемізде, өзіміздің бүгінгі болмыс-бітіміміздің деңгейінде. Атаусыз қалса – Алаштығымызға сын болатын еді. Қазақтың һас батыры, бір өзі бір ұлтқа айналып кеткен Бауыржан Момышұлының 100 жылдығы да осы Барыс жылының күнтізбесінде қалып барады. Кеше ғана қолы кісендеулі, біреудің боданындағы жұрт едік. Айналасы жиырма жылда ақыл-есімізді жиып, адамзатқа жөн-жоба көрсететін деңгейге жете бастадық. Бұл – айтуға оңай болғанымен, арқамызға түскен зілмауыр ауыр жүк еді. Оны да беліміз қайыспай көтердік. Махамбетше айтқанда, «қабырғасы қайыспас қара нар керек еді бұл іске»!

Алла Алашты маңдайынан сүйіп тұр! Өйткені, XV ғасырда шаңырақ көтеріп, Һас Сақтан – қазаққа айналған жұртымыз көрінген пұтқа, көшедегі қыртқа бас имей, Жаратқан Жалғыз Иені ғана сүйген-ді. Біз оны арабтардан да бұрын танып, Тәңірі дегенбіз, арабтар оны Алла деп бізден кейін таныды. Нанбасаңыз қараңыз: «Еділден аққан сызашақ Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді – Телегейдей сайқалтып, Жарқыраған беренді Теңіз етсе – Тәңірі етті; Жағасына қыршын біткен тал еді – Жапырағын жайқалтып, Терек етсе – Тәңірі етті; Тебінгінің астынан Ала балта суырысып, Тепсінісіп келгенде, Тең атаның ұлы едік, Дәреженді артық етсе – Тәңірі етті!» (Шалкиіз); «Айтар болсаң – Алланы айт!» (Бұқар жырау).

Өзін сүйген пендесін Алла да жарылқамай қоймайды. Аллаға серік қоспағандардың бәрінің есімі адамзат тарихының шежіресіне алтын әріппен жазылған. Сондай ірі тұлғаларымыздың бірі һәм бірегейі Қасым Аманжолов еді. «Еңбектеп келдім дүниеге, шалқалап әкем шықты үйден» деп, жұмыр басты пенденің қамшының сабындай ғұмырнамасын екі-ақ жол өлеңге сыйдырған сол ақынның туғанына келесі жылы бір ғасыр болады.

Қарқаралыда туып, одан Абыралы арқылы жаяу-жалпылы Семейде өтіп, Семейден – Алматыға тұяқ іліктіріп, одан Орал асып, Оралдан – Ұлы Отан соғысына аттанып, одан аман-есен Алматыға оралып, Алматыдан – Алашқа, Алаштан – адамзатқа жеткен Қасым 100-ге – кемелінен келіп, қазағына қайта қайтып келе жатыр!

Бұл – Абай жолы. Мұхтар Әуезов Абай жөніндегі дәуірнамасын «Абай жолы» деп тегін атамаған. Жидебайда туып, Еуропаға – Пушкин мен Лермонтов, Гете мен Мицкевичке жетіп, «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып – Күн болған» (Сұлтанмахмұт) Абай жолы – бұл. Қасым жүрген осы Абайдың қасқа жолымен исі қазақтың бәрі жүруге тиіс! Мына дүниеге бізге одан басқа соқпақ жоқ. Сол жолдан адасып, босқа көз талдырып, көңіл қаңғыртатын сүрлеуге түсіп кетпес үшін де біз Қасымның қара томдарын қайта-қайта ақтарып-төңкере беруіміз керек.

Қазақ жырын Абайдан кейін тезге салған адам осы – Қасым. Мағжанды сол кездегі көзіқарақты, көңілі ояу замандас-қатарластарынан басқа ешкім байқамай қалды... Қазақ поэзиясындағы Абай – Қасым мектебі XX-XXI ғасырлардағы қазақ жырын осы күнгі адамзаттық деңгейден де асырып жіберді деуге болады! XXI ғасырдағы қазақ өлеңі бүгінде де бүкіл дүниежүзілік поэзияның көш басында тұр! Абай мен Қасым жырларынан қанаттанған қазақ халқы Гомерден бастап, Гете, Шекспир, Уитмен, Лока, Рембо, Бернс, Вознесенскийге дейінгі аралықтағы адамзаттың арқалы да асқақ ақындарын өз тілінде сөйлетіп жіберді. Өздерін елден ерек, мәдениетті санайтын, өрелі орыстардың өздері біздің маңдайымызға біткен жалғыз Абайымызды әлі орысша сөйлете алмай жатыр. Мағжан да, Қасым, Мұқағали да әлі орысша сөйлеген жоқ...

Қасым – Құдайдың құдіретінен жарала салған ақын еді. Оның әлемдік поэзияның алтын қорына қосылған классикалық шығармаларының бәрі де Алаш – адамзат рухының айта қаларлықтай таңғажайып құбылысы, соны да сонар әлемі, ұлттық рухымызға толы көл-көсір көркем дүние болып қала береді. Тіпті, оның андаусызда аузынан шығып кеткен: «Рахмет, Полина Ивановна...» атты экспромт шумағының өзінде біздің ұлттық рухымыз шиыршық атып тұр. Халтурщик – тобырдың түсігі болса, Ақын – ұлттың перзенті! Тоталитарлық-сталиндік заманда қолына қалам ұстап, ала қағазға телміріп, Қасымдай өлең жазу – бақшадағы бұлбұлды бас салып ұстап алып, темір торға қамап, сайратқанға жетеқабыл оқиға еді. Мұқағалидың заманында ол қоғамның беті бері қарай қарап, абақты атаулының қақпасы айқара ашыла бастаған-ды... Қасымның қадір-қасиетін одан кейін іле-шала дүниеге келген жас, жасампаз Қасымдар бірден түсінді: «Дейсіндер-ау Қасымның несі – Қасым? Ақынмын деп қомпаңдап жүргендердің әммесінен Қасымның десі – басым...» (Мұқағали).

Қарғыс атқыр совет өкіметін, Ленин мен Сталинді Маяковский де, Ахматова, Мандельштам да, Пастернак та жырлаған. Бірақ, қазан төңкерісін жасаған сол ормандай орыс ақындарының ешқайсысы да оны біздің Жамбыл, Қасымдардай жеріне жеткізіп жырлай алған жоқ, жырлауға шығармашылық шама-шарқы жетпеді!.. Жамбыл – Қасымдардың ұлылығы – қабырғалы қалың қазақтың ұлылығының бір көрінісі ғана еді...

Қарағандыдағы Қасым Жылы – Қасым Жырымен басталуға тиіс. Қаламыздағы көз қарықтыратын қызылды-жасылды жарнамалар Қасымның елдікке, ерлікке, махаббат пен мархаббатқа шақырған жыр жолдары жарқырата көрсетіп, жан дүниемізді жақсылыққа бір кенелтсе, шіркін! Жаңа жылды қарсы ала салысымен мектептер мен колледждерде, жоғары оқу орындарында Қасым оқулары, оның шығармашылығына арналған ғылыми конференциялар бірінен соң бірі дүркіреп өтіп жатуға тиіс. Мектептер мен институт, университеттерде Қасымды оқыту, оны түсініп, пайымдап таразылау, насихаттау – Қасымтану мәселесі өз мәнінде жүрмей жатыр. Бір ғана мысал айтайын, Ақынның «Дүниеге келер әлі талай Қасым...» деген өлеңін өмірге тағы бір Қасымдай ақын келеді деп қана түсіндіру белең алып барады... Бұл көпе-көрінеу қате түсінік, Қасымның жүрегіне терең бойлай алмаған көк езу пенделердің ісі. «Дүниеге келер әлі талай Қасым...» деген сөз – Алаш-Ана әлі талай Қасымдайын тегеурінді ұлдарына босанады деген сөз! Алпысыншы жылдары ол бала жарық дүниеге Мұқағали болып келіп еді... Жетпісінші жылдары «АЗиЯ» – Олжас Сүлейменов болып туып, тоталитарлық қоғамды дүр сілкіндірді. Сексенінші жылдары ол бала – ақын емес – Асқар Жұмаділдаев – математик болып дүниеге келді! Тоқсаныншы жылдары – Нұрсұлтан Назарбаев – Қазақтың Тұңғыш Президенті, Тоқтар Әубәкіров – Қазақтың Бірінші Ғарышкері болып, Алаштың атын адамзатқа әйгіледі!

Әлі қаншама Қасымдар дүниеге келеді, Алаштың көгінде қаншама жасындар жарқырап, төрткүл дүниені дүр сілкіндіреді?!

Қасымды тану – қазақтың өзінөзі тануы үшін керек әуелі! Қасымды танымаған қазақтың қара танымаған қазақтан да қасіретті екенін көзге шұқып көрсететін кезең келе жатыр! Қазақтың ертеңгі күніне Қасым шыққан биіктен қарайтын күн туды!

«– Уа, тәкаппар дүние!
Маған да бір қарашы:
Танисың ба сен мені?!
Мен – қазақтың баласы!» – деп жазды Қасым қырқыншы-елуінші жылдары. Таң қаламын, бұл маған бүгін жазылған өлең сынды! Қазақ Қасымның осы өлеңін кеудесіне басып, төрткүл дүниеге қарап тұр – егемен ел болған кезінде! Еңселі елу елдің қатарына жетіп, ұжымды ұлт, іргелі мемлекет болған кезімізде қазақты ғалам да танитын болады! Қасымды – Қасымдарымызды танып алып қана мына тәкаппар дүниеге қазақтығымызды танытатын боламыз! Қасым жылы, Қазақтың төріне шық!

«Шарлаған жолым жатыр жер бетінде» деп еді-ау Қасым. Бұлай деп адамдықтың, азаматтықтың шырқау шыңына шыққан Абайдың Толық Адамы – Кемел Адам ғана айта алады. Алла жаратқан адамзат – homa sapiens-тің маңдайына жазылған сордың сорақысы – атаусыз қалу, атаусыз қалған пенде іздеусіз қалады. Қасымды қолымызға шырақ алып бүгін біз іздемесек те, ертең жаңғыртып жер сарайын дүниеге келетін ұрпақ іздемей тұра алмайды. Ұлтының ұлы тұлғаларын іздемеген ел ертең Алланың алдында сұраусыз қалады...

Тәңірі бізді сол қатерден сақтасын деңіз!

Қасым Жылы, Қазақтың төріне шық!!!

Мұсылман үмбетіне көктен Құранның түскен күні қандай ұлы құбылыс болса, XX ғасырдағы 1991 жылдың 16 желтоқсаны – Қазақ Халқы үшін соған жете қабыл ұлы оқиға екенін түсінген күні Қазақстан, Елбасы айтқандай, еңселі 50 елдің бел ортасында жүретін болады!

(Жалғасы бар)

● ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ

Жаны жайсаң Ғафу аға

Алматыдағы №9 қазақ мектеп-интернатын 1966 жылы бітірдім. Сол кезде Кәбдікәрім Ыдырысов ағамыз Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы екен. Ол кісі мені өзіне көмекші етіп жұмысқа қабылдады. Жазушылар одағында еңбек еткен кезімде Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Бауыржан Момышұлы, Сырбай Мәуленов, Қалижан Бекқожин, Хамит Ерғалиев, Әлжаппар Әбішев, Ғали Орманов, Ғафу Қайырбеков, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбділда Тәжібаев, Мұзафар Әлімбаев, Мұхамеджан Қаратаев, Дикан Әбілов, Ильяс Есенберлин, Сапарғали Бегалин, Әбу Сәрсенбаев, Қалтай Мұхамеджанов сынды әдебиет майталмандарын көрдім.

Бұған қоса Аманжол Шамкенов, Сәуірбек Бақбергенов, Жаппар Өмірбеков, Әнуар Әлімжанов, Мұқағали Мақатаев, Жұбан Молдағалиев, Қабдеш Жұмаділов, Олжас Сүлейменов, Қадыр Мырзалиев, Тахауи Ақтанов, Тұманбай Молдағалиев, Сайын Мұратбеков, Әкім Тарази, Мұхтар Шаханов, Рамазан Тоқтаров, Жұмекен Нәжімеденов, Сәкен Жүнісов, Шерхан Мұртаза, Оралхан Бөкеев, Дулат Исабеков, Сафуан Шәймерденов және басқа да белгілі қаламгерлермен таныстым.

Олар Жазушылар одағына өз үйлеріне келгендей еркін еніп, фойеде кездесіп, бір-бірімен ұзақ әңгіме-дүкен құратын. Мұнда ақылды да дарынды жастар да жиі келетін. Солардың арасында Берік Ақбаев, Сағат Әшімбаев, Жарасқан Әбдірашев, Ибрагим Исаев, Нұрлан Оразалин, Рафаэль Ниязбеков, Аян Нысаналин, Роллан Сейсенбаев және тағы басқалары бар еді.

Жасы үлкен, қызметі жоғары болса да, бір көргеннен-ақ жатсынбай жаныңа өзі келетін, жайдары шырайлы жан – белгілі ақын ағамыз Ғафу Қайырбеков болатын. Ол кісі мінез-құлқымен де үлгі-өнеге беретін. Көзім көрмесе, араласпасам, олай деп айта алмас едім. Қашан байқасам, Ғафу ағамыз Жазушылар одағының екінші қабатындағы фойедегі диванда жас талапкер ақындармен әңгіме құрып отыратын. Ол кісінің қамқорлығын көрмеген жас ақын аз шығар. Ағаның адамға деген, әсіресе, жастарға деген жүрек жылуы бірден сезілетін. Өте биязы, сыпайы, жүзі жарқын жанды көрген сайын кеудеңе нұр құйылатын. Бұған қоса Ғафу ағамыз қашанда Қадыр, Тұманбай, Сағи, Шәміл, Дүйсенбек, Жарасқан, Қайрат, Шөмішбай сияқты ақындардың ортасында жүретін. Адамгершілігі мол, талантты Ғафу ақын айналасына нұрға толы сәуле шашып жүретін.

Көп жазушылардың арасынан Ғафу Қайырбеков қарапайым мінезімен, сыпайы сөз әлпетімен қатты ұнайтын. Көрген сайын халімді сұраумен шектелмей:

– Балақай, өлең жазып жүрсің бе? – деп сұрайтын.

Мен:

– Ия, жазып жүрмін, – дегенімде,

– Қашан оқимыз? – дейді.

Өлеңдерін сүйсініп оқитын ақынның маған осындай жанашырлық танытып жүргені жаныма жағатын. Сол жылдары ағамыз «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары, сосын «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі болды. Мен С.Киров атындағы мемлекеттік университетке лаборант болып ауысқанымда Ғафу ағамыз Жазушылар одағында поэзия секциясына жетекшілік етті.

Өмірдің өзі қызық екен! 1970 жылы мен Москвадағы М.Горький атындағы дүниежүзілік әдебиет институтына түскенімде, Ғафу ағаның баласы Бақытпен бірге оқитын болдым. Бізбен бірге Қайрат Бақбергенов, Ерлан Сатыбалдиев және Жадыра Дәрібаева оқуға түсті. Қайрат пен Бақыт өлең жазатын болғандықтан Л.Озеровтың, ал біздер – Ерлан, Жадыра, мен Г.Хантемированың семинарына қатысып жүрдік.

Ғафу Қайырбековтің 1954 жылы «Құрдастар» атты тырнақалды жинағы жарық көрді. Содан кейін, «Дала қоңырауы» поэмасы, «Жер астындағы жұлдыздар», «Қанатты жылдар» сияқты жинақтарын, «Беласар» атты қос томдығын оқырман қауым үлкен ілтипатпен қабылдады. «Жұлдызды тағдырлар» атты өлеңдер жинағы үшін ақынға 1980 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ақынның алғашқы «Құрдастар» жыр жинағы алғашқы сезімге, сүйіспеншілікке, махаббатқа арналған. Ақын айды суреттесе де, түнді тамашаласа да, ойға батса да, бір уақ тіршілік тауқыметіне шырмалса да өзінше буырқанады, өзінше шамырқанады, өзінше сілкінеді, өзінше мұңаяды. Ғафу ағаның суреткерлік бітімін, образдық ойлау әлемін ешкіммен салыстыруға болмайды.

Ғафу ағамыздың қаламынан туған дүниелер өзі өскен ортаның жай-күйінен хабар берер жанды суреттер. Ол – қазақ поэзиясын сыршыл лирикасымен, эпикалық поэмаларымен байытқан ақын. «Жазылмаған кітап» атты жырында бүкіл ішкі сезім табиғаттың тілімен керемет жеткізілген:

«Күн еңкейіп, көлеңке есіп бауырда,
Соңғы сәуле аз қонақтап тау, қырға,
Қандай жақсы, қырауытып алыста
Кешке жақын келе жатсаң ауылға!»

Ақынның публицистика саласына қосқан үлесі де зор. Қаламгердің «Ақжелкен», «Жел қайық» атты публицистикалық жинақтары публицистика саласындағы классикалық қорға енген мұралар. Бүгінгі жас тілшілерге үлкен әдістемелік оқу құралы болары анық.

Қаламгер шығармаларының негізгі тақырыптары – ұлттық ұстаным, достық пен бауырмалдық. Публицистикалық шығармаларының лексикасында теңеулер, эпитет, метафоралар өте көп. Әрбір қимыл, әрбір көрініс, әрбір құбылыс жалаң берілмей, үнемі тапқыр теңеу, ұтымды эпитеттер арқылы келеді. Теңеулерінің барлығы халықтың ұғымына қонымды.

Жан жары Бәдешке арнаған жолдарында:

«Астанада көшесі бар Гогольдің,
Астанада қызыл гүлдей жарым бар.
Сол көшемен мендік бақытты өмірдің,
Сол жарыммен қыдырған бір шағы бар», – дейді.

Бұл жолдардан Горький атындағы мәдениет саябағын жырлай отырып бұл жолдарды өмір бойы қасынан табылатын жары Бәдешке арналған сияқты. Өз жарын ағамыз Гоголь көшесінде орналасқан Қыздар педагогикалық институтынан тапқанын жүрегіміз сезеді.

Бәдеш анамыз ақын ағаға тұрарлық жар еді. Олар қашанда бірге жүретін. Ағамыз қайда барса, Бәдеш анамызды қасынан тастамайтын. Олар қырық жылдан астам уақыт қос аққудай жарасып өмір сүрген жандар.

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында Бұқар жырауға ескерткіш қойылған жылы сол ескерткіштің ашылуына танымал ақын-жазушылармен бірге Ғафу аға да келді. Қасында Бәдеш апамыз бар. Мен ол кезде «Орталық Қазақстан» газетінде тілшімін. Сапарға қаладан бірге аттандық. Ағамыз менен хал-жағдайымды сұрап, жаны қалмай жатыр. Менің кезінде өлең жазатынымды ұмытпапты: «Алматыға келсеңші, көмек керек болса көмектесейін», – деп сол баяғы қалпымен, маған жанашырлық жасап қояды. Қатты риза болдым.

Кезінде Қалижан Бекқожин Ғафу ағамыздың ақындығы туралы:

«Қайнардай нөсерлейтін алғыр ақын,
Жырың – нәр, жұрт сусынын қандыратын» деген екен.

Бабаларымыз: «Атадан ұл туса екен, ата жолын қуса екен» деп бекер айтпаса керек. Ғафу ағамыз артына өшпес із қалдырды. Қырықтан астам кітабы жарық көрді. Ақынның ұлы Бақыт – бүкіл қазақ қадір тұтқан текті ағамыздың тұяғы.

Ғафу Қайырбеков тірі болғанда биыл 95 жасқа толар еді. Ол өз жырлары мен шығармалары арқылы жас ұрпаққа көп сыр қалдырған талант.

Ғафу ағаның өлеңіне ғашық жандардың көп екеніне өз басым сенімдімін. Сырлы жырлар жанымызға азық болсын!

Банды ӘЛПИ,
журналист, ақын, жазушы

● ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

Жер астындағы қанатсыз періштелер

Жер астында да періштелер бар. Тек олардың қанаты жоқ. Қанаты – кеудесіндегі жүп-жұмыр жүрегі. Қарапайым адамға беймәлім жер астының тастүнегінде әлгі қуатты жүрек от боп жол бастайды, жылытады. Олар – мыңдаған метр тереңдікте көмір қазып жүрген шахтерлердің періштелері. Кеншілер күні қарсаңында біз шахтадағы құтқару жұмыстарына жұмылдырылатын «Көмір» әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі жөнінде айтпақпыз.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Көмір» әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметінің құтқарушылары

Бұл қызмет қашан және қалай пайда болды?

Жылуға мұқтаж адамзат бір кезеңде көмір үшін һәм өмір үшін алып жердің тас қараңғы, сұпсуық құшағына сүңгіді. Бірақ, бұрын-соңды тереңіне ешкімді бойлатпаған Жер-Ана тіршілік деп тыраштанған адам баласын жатсынды. Қара алтынды тастүнекте майшаммен іздеген мыңдаған кеншіні ажал құшты. Тарихтан бірер дерек келтірелік.

Көмір өндірісі қарқын алған Англияның «Джеймс» деп аталатын шахтасында 1866 жылы апат болып, 361 кенші қаза тапты. Ал, Франциядағы «Куръер» шахтасында 1906 жылы 1230 адамның өмірі қиылды. Трагедиялар алға ілгерілеген елдерді алаңдатпай қоймады. Озық ойлылар қайғылы жағдайлардан ащы сабақ алды. Алғашқы құтқарушы, тау-кен инженері Георгий Соболев бұл турасында өз естелігінде жазды. «Қайғылы оқиғалардан кейін Франция, Англия, Германия елдері шахтадағы кеншінің өкпесін, тыныс алу жолдарын қорғайтын құрылғыларды ойлап табуға кірісті. Жарылыстардың да алдын алу жағын қарастыра бастады» деп жазды тау-кен инженері. Осы кезеңде шахталардағы құтқару жұмыстарына мамандандырылған құтқарушылар штабтары да құрыла бастады. Қарағандыда бұл қызметтің іргесі 1932 жылы қаланған. Алғашқы құтқарушылар – Малениковтер әулетінен шыққан Степан мен Федор есімді азаматтар еді. Содан бері осы мамандықтың қадірі әсте төмендеген емес. Өмір мен өлімнің шекарасында тұрып, Жаратқанына жалбарынған кеншілерге құдіретті күш өз жәрдемін осы қанаты кеудесіне жүрек болып біткен құтқарушылар арқылы жеткізеді.

Кенді өңірдің батырлары

Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметінің облыстық филиалында қазір 300-ден астам құтқарушы қызмет етеді. Барлығы да қажетті құрылғылармен, арнайы киіммен жабдықталған. Апат болған аумақта барлау жүргізетін және зардап шеккен кеншіні жер үстіне алып шығатын техникалары бар. Штаб жыл сайын құтқарушылардың біліктілігін арттыру үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізеді. Оқу-жаттығудан бөлек, өңірдегі шахталардың дәл іргесінде жасақталған бөлімшелердің мамандары арасында облыстық деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылады. Лаулаған өртті сөндіреді, қою түтінді туннельден жарақат алған адамды алып өтеді, құбырлардың ішімен жер бауырлайды, от алмайтын зілдей киіммен А нүктесінен Б нүктесіне дейін жүгіреді. Тәжірибені шыңдауға қажетті полигондары Қарағандыдағы Ермеков көшесінің бойында орналасқан. Филиалда бөлімдер бар. Біріншісі – реанимация. Мұнда жарақат алған шахтерлерге медициналық көмек көрсетіледі. Екіншісінде – авариялық-құтқаруға арналған құрылғылармен жабдықталған техникалар.

Филиалдың құтқарушылары Қарағанды шахталарынан шыққан апаттардың бәрінде ерлік көрсеткен. Мысалы, 2004 жылы «Шахтинская» шахтасында болған жарылыста дәл осы құтқарушылар ерліктің озық үлгісін көрсеткен. Құтқару шараларына жұмылдырылған бөлім командирлерінің сол кезде берген жазбаша есептерін мұрағаттан таптық. Есепте түрлі деңгейде күйік алған, жарақаттанған он шақты адам жер бетіне шығарылғаны және 17 кеншінің мәйіті табылғаны жазылған. Командирлердің жазбасында апат салдары ауыр болғаны айтылған. Қаза тапқан шахтерлердің мәйітін жоғарыға көтерудің өзі қиынға соққан.

2008 жылы «Абай» шахтасындағы жарылыста кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметінің мамандары адамдарды эвакуациялаған.

Облыстағы шахталарда кейінгі он жылда апат көп болды. Тізе берсеңіз, оты басылып, шоққа айналған бір кесек көмірді кеудеге тастай салғандай күй кешесіз. Өткен кезеңге көз тастасаңыз, тарихтың қара жамылған беттерінде хаттаулы. Өзгенің өмірін құтқарамын деп өзі ажал құшқандар да аз емес. 1934 жылдан бері қарай облысымызда 51 құтқарушы қызмет барысында қаза тапқан.

2020-2022 жылдар аралығында қарағандылық құтқарушылар шахталардағы апат кезінде 494 кеншінің өмірін сақтап қалған. Бейбіт күннің батырларына айналған ерлерге құрмет.

Осы мақаланың жазылу кезінде Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметінің мамандары «Қазақстан» шахтасында 17 тамызда басталған өртпен алысып жатты. Құтқарушылар тайлы тұяғымен апат орнында күшейтілген режимде 24 сағат бойы үздіксіз жұмыс атқаруда.

Кеншілер күнінде қанаты кеудесіне жүрек болып біткен осы құтқарушыларға да бас иіп, алғыс айтамыз!

● СҰХБАТ

Біз кенші атымен сыйлымыз

Қара алтынмен елдің несібесін еселеген Қарағандының тең жартысы кенші десек, артық емес. «Кеншілер мекені» атануы да содан. Кенші атану – бір кезде құнды, абыройлы атақ еді. Алайда, кейінгі күндері кеншілер басына күн туып, кеніште зардап шеккендер көбейді. Аймақтағы абыройлы ардагер-кенші Алмаз Рысқұлов кенші болуға тек төзімділердің ғана батылы баратынын айтады. Бұрын адам қауіпсіздігі назарда болса, енді жер асты байлығына жету негізгі факторға айналғанына қапа. Кеншілер күні қарсаңында ардагер кеншімен сұхбат құрған едік.

– Аға, кенші жолы оңай емес-тігі мәлім. Кенші болу үшін қандай қасиет міндетті?

– Кез келген адам кен орнына жұмысқа тұра алады. Десек те, сол мамандықты шынайы сезініп, оның ыстық-суығына бірдей төтеп беретіндер аз. Ең басты қасиет ол – төзімділік. Әр істің шешімін табан асты тауып, ми мен қолдың селбесе жасаған әрекетіне жүгіну.

– Жер астына түсу қорқыныш тудырып, ондайда бойды үрей билейтіні жасырын емес. Сол секемдену-сескенуден қалай арыласыздар? Сондайда қорқынышты қалай жеңуге болады?

– Жер астына ең алғаш түскенде, әрине, қорқу басым болды. Оның несін жасырайын. Анау жақпар-жақпар тастар мен ұзын сонар үңгір үрейлендірмей қайтсін?! Қараңғы, әрі ауасы тар. Шекеміз шылқып, шыққанша асығатын едік. Кіргеннен ылғи тар өткелдер. Олар кейде биіктеп, кейде аласарып тұрады. Жүріп келе жатқан жолың бара-бара тарыла түскенде, жанды шүберекке түйіп, иман үйіре бастайтынбыз. Бірақ, не керек мұның бәрін жеңдік. Оның үстіне біздің уақытта кеншілердің айлығы едәуір еді. Сонымен қатар, үлкен аға буын өкілдерінің көп қолдауы да маған зор әсер етті. Олар талай сында жетекшілік етіп, білмегенімді үйретіп бақты.

– Кеншілер өз еркімен осы мамандықты таңдай ма, жоқ, әлде жалақысы көптігінен келе ме?

– Өз еркімен таңдайды деп айта алмаймын. Бар шығар, бірді-екілі жан өзі қалап келген. Алайда, мен өз басым, жалақысы мардымды, атақ-даңқы бар абыройлы жұмыс деп таңдадым. Оны жасырмаймын. Әрине, жұмыс барысында әріптестер арасындағы сый-құрметті адал еңбегің арқылы аласың. Расы керек, біздің кезімізде де жер астында өлім-жітім көп еді. Соны ести-біле тұра, тайсалмай жер астына түсетін өжет жігіттер жетерлік еді. Соны ести-біле тұра, тайсалмай жер астына түсетін өжет жігіттер жетерлік еді. Бұл – батырлық, меніңше.

– Кен орындағы апаттар көбінесе неден шығады?

– Апаттың көбін адам жасайды. Жердің де жаны бар. Ол сілкінеді, титіркенеді. Кеншіліктің тағы бір мамандығы ол үңгушілер. Үлкен қара шойын бұрғымен аядай қапастың қабырғасын бұрғылағанда абайламаймыз. Кей жер сортаң, тез үгілгіш келеді. Сондай жерлер тез қопарылып, үсті астына түседі. Міне, апат осыдан шығады. Оның бәрін бұрғыламас бұрын арнайы мамандардың көмегі арқылы барлап алу қажет. Кенші үшін басты қағида – қауіпсіздік техникасы ережелерін барынша сақтау екендігі естен шыққаны ма?! Ал, қазіргі кеншілер техникаға сенеді де барлау, бақылаусыз тәуекелге көп барады. Бұрын адам қауіпсіздігі басты орында болса, қазір жер астындағы байлыққа жету басты фактор секілді.

– Кеншінің абырой асқары не дер едіңіз?

– Кенші мамандығы – елдің дамып, гүлденуіне сүбелі үлесін қосатын, өнір экономикасына ерекше серпін беретін бірден-бір мамандық. Біз кенші атымен сыйлымыз. Әулетімізге де табыс тауып, асырап-баққан демеуші ретінде көрінгенбіз. Әке – әулеттің діңгегі, табысшысы. Сондықтан кеншінің абырой асқары – ел мен жерге әкелген толағай табыс, сол табыстың пайдасын, рақатын көру деп білемін.

Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● ЕҢБЕК АДАМЫ

Адал еңбек бақытқа жетелейді

Шағын шаһарды еңбекпен көркейткен адамдар қаншама. «Бұл – менің зауытым» деп өндіріс орнына ерекше құрметпен қарайтын Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехындағы байытушылардың жұмыс барысымен таныстық. Бірлігі жарасқан өндіріс ошағында жұмысқа белсене араласуымен де өзгелерге үлгі болған мамандарды әңгімеге тарттық.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады».
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының басшысы Бақтияр Нұржановтың айтуынша, мұнда жауапкершілігі жоғары еңбек ұжым еңбек етеді. Олар өздерін жан-жақты танытып келеді.

– Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехында 192 адам еңбек етеді. Жоспарды жүйелі түрде орындаймыз. Айына 530 мың тонна өнім береміз. Тәулігіне 18 мың тонна игереміз. 3 ауысым бар. Байыту фабрикасы тұсауы кесілген кезден бастап, күні бүгінге дейін негізгі және көмекші жабдықтарды жаңғыртуда. Жөндеу қызметі де жетілдірілу үстінде. Күрделі және жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізудің жеделдетілген тәсілдері өндіріске енгізілген. Қазір жаңа құрылғыны орнатып жатырмыз. Бұрынғы ұнтақтау машиналары сағатына 350 тонна болса, кейінгі іске қосылатын машиналар сағатына 500 тоннаны игере алады. Бүгінде цехқа өнім Шатыркөл, Саяқ, Қоңырат, Ақжал, Аршалы, Нұрқазған сынды облыс кеніштерінен келеді. Бұл фабриканың өндірістік алаңы қолданыстағы флотациялау машиналарын жетілдіру жолындағы көптеген тәжірибенің, жаңа машиналар мен жекелеген тораптарды

сынақтан өткізудің базасы десек, артық айтқаным емес, – дейді Бақтияр Нұржанов.

Бұдан кейін Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының бас инженері Серік Амантайұлы мен ауысым шебері Қайырбек Калиоллин жұмыс барысымен таныстырды. Қазір фабрика негізінен Саяқ пен Шатыркөл, Қоңырат кеніштерінің кенін байытады.

– Дәл қазір бүгінгі ауысымда 23 адам. Бұл №3 ауысымда нағыз мықты мамандар бар. Жұмыс шаң мен тозаңның ортасында жүрген соң оңайға соқпайды. Бұл жұмысқа мықтылар ғана шыдайды. Мыс кендерінің бірінші сатысы елеу және майдалау болып табылады. Мыс кендері тербелмелі құрылғының бункерлер арқылы ұсатқышқа біркелкі жіберіледі. Бұны біз бірінші ұсату сатысы деп атаймыз. Бірінші елеуден кейін мыс кендері екінші елеуге таспалы конвейерлер цилиндрлі-конусты ұсатқышқа түседі. Одан соң көп жақты цилиндрлі-конуста ұсақталады, – дейді ауысым шебері Қайырбек Райымбекұлы.

Жұмыс барысында білім мен тәжірибесін өндірістің өсіп-өркендеуіне жұмсаған Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының конвейер машинисі Саягүл Алдажарованы да әңгімеге тарттық. Өндірістен табан аудармағанына 25 жылдың жүзі болыпты. Өндіріске 34 жасында келген Саягүл бүгінде 58 жастың асуынан асыпты. Өз білгенін өзгелерге үйретуден жалықпайды. Өз мамандығын тереңдете меңгерген. Ғабит Тасболатов, Нұржанат Амантай, Ринат Дауылбаев бастаған шәкірттері мықты мамандарға айналған. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам», – деп шындығын айтқан ақындардың сөзінің жаны бар. Қазақ қыздарының тамсантып, талмай еңбек етуі басқаға үлгі.

Сонымен қатар, осы ауысымда тер төгіп жүрген ұнтақтау цехында конвейер машинисі және басқару пультінің операторы Гүлбаршын Мұсатаева да бар. Өндірістің бел қайыстырар бейнетіне мойымай еңбектің қазанында қайнап, жұмыс істегеніне – 26 жыл. Әріптестері жұмысқа төзімді, ісіне адал жанның еңбегін айрықша бағалайды. Осындай мақтаулылардың бірі – металл ұсатқыш маман Сейілхан Нұрлыбаев. 55 жастағы мықты маман өз ісін жетік білетін іскер мамандарды топтастырып, еңбекке баулыған екен. 1997 жылдан бері аталмыш цехта еңбек етіп, тер төгіп келеді. Қазіргі таңда №3 ауысымның бригадирі Ердос Сейсекей де Сейілхан ағаның шәкірті.

Мектеп бітірген жастардың көбі зауытта еңбек етуді армандайды. Арманы ақиқатқа айналған жас мамандардың бірі – Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының конвейер машинисі Нұржанат Амантай. Бұл жұмысқа орналасқанына екі жыл болса да, көп дүниені үйреніп, меңгерген. Оны еңбек пен ізденіс жетістікке жетелеген. Жұмысты жастарға үйретуді парыз санайтын ұстазы Саягүл Алдажароваға дән риза. «Осы жұмыс орны нәсібімді тауып отырған жер. Сондықтан, жұмыстың қыр-сырын меңгеріп, жанымды сала еңбек етуді асыл парызға санаймын», – дейді Нұржанат Амантай.

Жаңашылдар ізденісі байытушылардың істі терең білетіндігімен сипатталатындығына Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының №3 ауысым бригадирі Ердос Сейсекей тоқталып өтті. Өндіріс процесін жіті бақылаған ол еңбек өнімділігін арттырудың пайдалы тұстары мен сапалық көрсеткіштерді баяндады. 19 жасынан осы салада шыныққан жігіт. Табанды, намысқой азамат еңбекқорлығының арқасында әріптестерінің сеніміне ие.

Еңбек даңқын асырып, жақсылыққа жол ашқан жандар – қашан да елдің мақтанышы. Оларға қарап, жастар бой түзейді десек, өндіріс қуаттылығымен танылған Балқаш кен-байыту фабрикасы ұнтақтау цехының келешегі үлкендерінен үлгі алған өрендермен жалғаса берері қуантады.

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Тартына берсек, Сақтың ұрпағы екенімізді кім білмек?!»

Арқаның ат спорты алдыңғы қатарда. Бұған бәйге аты «Нұрақасқа», «Айым», «Ажара», «Жезкиіктей» желжетпестер, көкпардың «Месси», «Қаратамыр» секілді аттарының жанкүйерлері куә. Ал, көкпардың жайын кеше ғана Қырғызстанның Шолпон-Ата ипподромында өткен Президент кубогінде көрдік. Қарағандылық палуандар «Астана» командасының жалауын желбіретіп, 22 елдің арасынан суырылып II орынға шықты. Бұл белес емей немене?! Қарағандыдағы көкпар аталған ұлттық спорттың бүгінгі тынысы ат сүйер қауымға аса қызық екені күмәнсіз. Осы орайда Қарағанды көкпар федерациясының басшысы Нұрлан Мерекеұлымен сұхбат құрып, аз-кем әңгімелескен едік.

– Кейінгі жылдары көкпар ел ішінде едәуір қарқын алды десек те, оның көлденең кісі біле бермейтін күрмеуі бары анық. Жалпы, сіз осы Көкпар федерациясын басқарған жылдарда «әттеген-ай» деген тұстары қандай? Ондай тұсаулар әлі де бар ма?

– Соңғы жылдары Қарағанды жерінде көкпар дамуда. Оған ел куә. Бұл тұрғыда федерация қарқынды жұмыс жүргізуге барын салады. Оның үстіне денешынықтыру және спорт басқармасы демеу көрсетіп, көкпар спорттық клубының ашылуы көкпардың кең көсілуіне ықпал етеді деген сенім зор. Соның арқасында Қарағанды аймағының намысын қорғап жүрген құрама көкпаршыларына 100 мың теңгеден астам айлық төленеді. Сонымен бірге 14-15 аттың жем-шөбін де осы федерация өз мойнына алған. Бұл Қарағанды палуандары мен аттарына жасалған қамқорлық деп білген жөн.

– Қарағандылық көкпаршылардың жақсы есімі ел аузында жүргені мәлім. Аймақ намысын қорғайтын қанша команда бар? Олардың шымырлығы мен шыныққандығы туралы не айтар едіңіз?

– Иә, сөзіңіздің жаны бар. Біздің көкпаршыларды көкпар сүйер қауым жете таниды. Олар осы уақыт аралығында біршама танымалдықты иеленді. Қазіргі таңда аймақтан 23 команданың көкпардан алдына қара салмайтын қабілеті бар деуге негіз жоқ емес. Кейде команда саны 25-ке дейін жетеді. Бұл ненің көрсеткіші? Бұл – ел ішіндегі палуан жастардың көкпарға ден қойғанын айғақтаса керек. Тіпті, аудандардан ойын сайын 8-10 команданың жиналуы – бұған дәлел. Деңгейлері өте жоғары. Бастысы, ойынға ынтасы зор. Әр ойында көкпаршылардың жанарынан «жеңем» деген жасындай от байқаймыз. Осыдан артық ерекшелік бар ма?!

«Бәйтерек» командасының белді ойыншысы Рамазан Шалғынбаев

– Көкпар – экстрималды спорт түрі. Сондықтан ойын кезінде палуандар жарақат алуы әбден мүмкін. Біздің көкпаршылар сондай жарақат алған жағдайда федерация тарапынан қандай әрекет жасалады?

– Көкпарды екінің бірі ойнамайды. Ойнай алмайды. Жүрек керек оған. Бізге жасынан ат жалына жармасып өскен балалар келеді. Дегенмен, көкпаршыдан қолхат аламыз. Сонымен қатар, көкпаршылар өздерін сақтандыру мақсатында сақтандыру ұйымына барып, өмірін сақтандырса болады.

– Палуандар футбол ойыншыларындай еш сақтандырусыз ойнайды көкпарды. Онда олар жарақат аламыз, не жазатайым мүгедек болып қаламыз деп қорықпай ма? Бұл батырлық па, рухтың басымдығы ма?

– Футболшылардың ұлттары басқа. Ал, қазақтың қаны да, жаны да олардан ерек. «Қазақ атпен ауырса, оны ешкім жаза алмайды, ал, атқа мінсе, ауырмайды» деген сөз бар. Сондықтан, ат сүйер жанның жылқы жануарына ынтықтығы қанша жарақат алса да, басылады деп әсте ойламаймын. Өйткені ол біздің қанымызда, жанымызда бар дүние. Көкпарға келген палуандар жан сауғалайтындар қатарынан емес. Сондықтан да оларда рух мықты. Ат үстіндегі азамат «Айбарымды көрсетемін, ел мен жерді танытамын» деп ойнайды. Сонымен қатар, біздің көкпаршылардың – 80 пайызы ауылдың жігіттері. Жасынан ат құлағында ойнап өскен, әкелері жылқышы болған палуандар. Көкпаршылар ат үстіндегі бейбіт күннің батырлары десем, артық емес. Олардың рухы басым. Ал, біз тартына берсек, кешегі Сақтың ұлы екенімізді кім біледі?!

– Қарағанды жастарының, жеткіншектерінің көкпарға қызығушылығы қалай? Жас палуандардан қанша команда шығады қазіргі таңда?

– Өте жақсы. Биыл 4-11 тамыз аралығында Қостанай қаласында жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өткен болатын. Онда біздің жасөспірімдер командасы жалпы Қазақстан бойынша финалға шықты. Финалда «Түркістан» командасынан ғана ұпай санымен жеңілді. Олар соңына дейін ойнады. Және «жеңілдік» деген сөздің орнына «дайындықты одан сайын күшейту керек» деген ұранмен оралды. Міне, олардың көкпарға деген ықыласы.

Ал, жеткіншектер командасына келсек, әрине, қызығу бар, ынта бар. Тек көбінде ат жоқ, ат ұстайтын атқора жоқ. Қазір жер-жерге түрлі спорт кешендері салынуда. Мемлекет тарапынан солай әр ауданға бір-бірден жалпылама атқора салынып, ұлттық спортқа қолдау жасалса, онда жоқ дегенде 5-6 ат ұсталса шіркін! Жергілікті балалар сонда дайындалып, ұландардың ұлт намысын қорғауда жігеріне жігер құяр ма еді?!

– Қарағандылық көкпар спортында өзіндік орыны ойып алған қандай палуандардың есімдері ел аузында? Сонымен қатар, әйгілі көкпар аттары бар ма?

– Не шықса да, жастан шығады. 2000-2003 жылғы палуандар арасынан Шет ауданының палуаны Темірлан Тілеубек, Ақжалдан Әнуар Жаңбырбаев, Мирас Тахауиов, Бұқар жырау ауданынан Мұхтархан Серғазиев, ақтоғайлық Айбар Мәни сынды білекті жігіттер бар. Үлкен додаларда көрермен көзайымына айналып жүрген палуандар. Сонымен қатар, Рамазан Шалғынбаев, Қарағайлыдан Сүйіндік Серік, Дамир Қалиев жекпе-жектің палуаны. Оның астында атақты аттарымыздың бірі – «Нұрақөк». «Қаратамыр» деген сәйгүлік – жекпе-жектің аты. Қырғыз елінен сатып алынған. Өзіміздің «Месси» – атақты арғымақ. Ерлан Әшім мырза мен Азамат Түсіпбековтің демеушілігімен осы көкпарға 30 млн. теңге ақша бөлініп, аттар сатып алынды. Қазір сол аттарды дайындап, палуандарға үлестіріп жатырмыз.

– Көкпар ойынының бір кезеңіне әр командада неше салымшы, неше жерден ілуші болуы керек? Олар футболдағыдай өз позицияларында тұруы керек пе? Жоқ, әлде, араласып ойнап, ұрымтал тұсты ұтымды пайдаланып атқаруы керек пе өз міндеттерін?

– Көкпарды екі командада 12 адамнан ойнайды. Төрт адам ауысымда болуы керек. Олар ойын барысында команда капитанының нұсқауымен ауыса алады. Ал, алаңдағы 12 адамның төртеуі міндетті түрде жерден серкені көтеруші (ілгіш) болуы шарт. Олардың аттары да соған сай, ұшқыр, шапшаң қабілеттеріне сай таңдалуы тиіс. Жекпе-жектің палуандары бар. Жоқ дегенде 4-5 палуан жекпе-жекке дайын келгені дұрыс. Негізінде, екі жекпе-жекші, алты қорғаушыдан шығады. Жекпе-жектегілердің астындағы аты да, әрине, жекпе-жектен тайсалмайтын тұлпар болғаны абзал. Қос команданың алты қорғаушысы қарсыластарға көкпарды ілгізбеуге тырысады. Ал, өздерінің командалас ілгіштеріне серкеге жол ашуға ұмтылады. Міне, негізгі жұмыс.

Серкені жерден ілген ілгіште жалғыз мақсат – ол тақымындағы серкені қазандыққа тоғыту, яғни, салым салу. Бір көрмеден көріп, ойынның бұл құпияларын ешкім анықтай алмайды. Алайда, ойнаған адамға түсіну оңай. Біз әр командаға өздерінің қабілеттеріне қарай түрлі тактика қоямыз. Көп спорттың ішінде, көкпар – хоккейге жақын. Тағы бір айта кетерлігі, көкпарда ат үлесі өте зор. Мың жерден палуан мықты салымшы болса да, астындағы аты дұрыс таңдалмаса, онда пайда жоқ. Ал, аттың жүректілігі, жүйріктігі жеңіске кепілдік береді.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Жан АМАНТАЙ
«Ortalyq Qazaqstan»

● ҚЫЛМЫС

Қолға түскен топ

Қарағанды мен Астанада Ішкі істер министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, прокуратураның үйлестіруімен криминогендік жағдайға теріс әсер ететін қылмыстық топты құрықтау бойынша кең ауқымды арнайы операция жүргізді.

Топ мүшелерінің тау-кен өндіруші компаниялардың бірінің тауарлық-материалдық құндылықтарын ұрлауға, есірткі мен атыс қаруын сақтауға, сондай-ақ, 2022 жылы қылмыстық текетірес кезінде Қарағанды тұрғынын өлтіруге оқталу фактісіне қатысы бар екені анықталды.

Осы қастандықты жасамақ болған топтың болжамды тапсырыс орындаушы «киллері» көрші мемлекеттің аумағында ұсталды.

Осы уақытта 70 тінту іс-шарасы өткізілген, соның нәтижесінде тоғыз қару, 400-ге жуық оқ-дәрі, пышақтар, радиостанциялар, үлкен көлемде ақша және басқа да заттай дәлелдемелер табылып, тәркіленді.

– Полицияға 28 адам жеткізілді, оның ішінде топтың 12 белсенді мүшесі уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қылмыстық кодекстің бірнеше баптары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде, тиісті сараптамалар тағайындалды, – деді ІІМ ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің басқарма бастығы Қуандық Алпыс.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

● МЕРЕЙ

Қызылтаудағы думан

Осыдан 70 жыл бұрын Шет ауданына қарасты Қызылтау ауылының іргетасы қаланған болатын. Бұл құтты мекен іргелі шаруашылықтарының бірі Қызылтау кеңшары ретінде 1953 жылы құрылған. Шаруашылық негізінен асыл тұқымды жылқы, қой өсірумен айналысты. 1964 жылы Бетпақдала мал шаруашылығы тәжірибе станциясы да осы Қызылтау жеріне орналасты. Ынтымағы жарасқан өлкеде бүгінгі күнде нағыз еңбекқор жандар тұрады. Ауыл адамдары әр жыл сайын кіндік қаны тамған қасиетті мекеннің көркеюіне атсалысып, түрлі игі істер атқаруда. Биыл да бұл үрдіс жалғасын тауып, ауыл азаматтары Қызылтаудың жетпіс жылдығына арналған ұлан-асыр той жасады.

Нұрдос ҚӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүбірлеген ұлы той ауылдың іргетасын қалаған жандардың рухына Құран бағыштаумен басталды. Шараның салтанатты ашылуында аудан әкімінің орынбасары Орал Стыбаев, осы ауылды ұзақ жылдар басқарған Мағауия Медетбекұлы, жазушы Өмір Кәріп, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ұлытау облысы бойынша департаментінің басшысы Берік Ахметов, ауылдық округтің әкімі Сержан Шайхыұлы құттықтау сөз сөйлеп, барша жиналғандарға ақжарма тілегін арнады. Сонымен қатар, белгілі әнші, өнертанушы Ерлан Төлеутай лебізін білдіріп, әннен шашу шашты.

Осы мерейтойды өткізуге атсалысқан бір топ азаматтар аудан әкімінің және ауыл әкімінің Алғыс хатымен, сондай-ақ, облыс әкімінің Алғыс хатымен Мұрат Хасенұлы және Мағауия Медетбекұлы марапатталды.

Салтанатты шара концерттік бағдарламаға ұласып, осы мерейтойға арнайы шақырылған елімізге танымал әнші Болат Құсайынов, дәстүрлі әнші Дінислам Жайлаубай және Қарағанды қаласынан келген әншілер мен жергілікті өнерпаздардың әуелете шырқаған әндері мереке шырайын аша түсті. Аталған мерейтойға арналып ақ шаңқан киіз үй тігіліп, той тамашалауға келген қонақтар мен жұртшылыққа қазан көтеріліп, ас берілді. Той барысында ұлттық ойындар (қазақша күрес, арқан тартыс, көкпар, аламан бәйге) ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталып, бағалы сыйлықтар өз иелерін тапты.

Белдескеннің жауырынын жер иіскеткен ақшағылдық Ақжігіт Оралов «Түйе палуан» атанып, ұйымдастырушылар тағайындаған тай мен 200 мың теңгеге ие болды. 74 келі салмақта бас жүлдеге тігілген тайды Қаражал қаласының палуаны Қылыш Еренғарипов қанжығалады. Сондай-ақ, арқан тартуда бас жүлдеге 100 мың теңге және қол күресінен бас жүлдеге 70 мың теңге, көкпарға жүлде қоры 1 миллион теңге және екі тай, бір өгіз тігілді.

Дүбірлі тойдың қызар шағын күткен ауыл тұрғындары әлдеқашан елді мекен жанындағы бәйге алаңына жиналып алған. Ауыздықпен алысқан арғымақтарын алып, «мен» деген атбегілер де сол маңнан табылды. Тұқымы бөлек, тұрқы басқа тұлпарлардың 40 шақырымдық аламан бәйгесінде Қордайдан келген «Ханторы» аталған жүйрік бірінші келіп, бас жүлде автокөлікті еншіледі. Аламан бәйгенің демеушісі, белгілі кәсіпкер Мұрат Қожамбердин автокөлік табыстады. Сондай-ақ, 1 миллион теңге демеушілік жасаған Ержан Абылаев сынды азаматтар жеңімпаздарға жүлде тапсырып, ел мерейін үстем етті. Той қызығы осылай үдей түсті. Кешкілік мерейтой эстрада жұлдыздарының гала-концертіне ұласты.

Ауылдың атқамінер азаматтары жарыстың қаржы қоржынын толтыруға әрқайсысы өзінше үлес қосыпты. Бірі – ұйымдастырушылар қолына жетелеп биесін не тайын әкеп берсе, бірі – қаржылай жүлдесін тағайындады. «Ауылына қарап, азаматын таны» деген рас.

Шет ауданы

Құттықтаймыз!

Қарқаралы ауданы Көктас ауылының тұрғыны
Марал Шәріпұлы ӘДІЛБАЕВҚА

Төлбасымыз **ЖҰБАНЫШ** бүгін атта,
Білім нәрін алмақ боп тұрды сапқа.
Қадамың құтты болсын, асықпай жет,
Тозбас тон өнер-білім деген таққа!

Ұлағатты ұстазбен сен толарсың,
Әлем сырын биіктен сен шоларсың.
Лайық бол «қазақ қызы» деген атқа,
Әулетіміздің жұлдызы сен боларсың.

Ақ қағаздай аппақ сенің көңілің,
Қиындықта таусылмасын төзімің.
Бауырларың өнеге алсын өзіңнен,
Жаным, ботам, ұзақ болсын өмірің.

Астана қаласының тұрғындары
Бақыт Серікқызы ҚАҢТАРБАЕВАҒА
Айжан Медеубекқызы АПСАТТАРОВАҒА

Кішкентай ақ көгершіндеріміз – **АЛЬМИРА** мен **САФИЯ**-ның мектеп табалдырығын аттаған қуанышты күнімен құттықтаймын! Кішкентай балапандарға өмірдегі бар жақсылықты тілеймін!

Әрдайым көз қуанышымыз болып, аман-есен ортамызда жаздай жадырап, гүлдей құлпырып, жүре беруге жазсын.

«Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен» деген. Үздік оқыңдар, қанаттарың талмасын. Білім жолында алғыр, зейінді болуларыңды тілеймін.

Ізгі тілекпен: **Қанат Шәріпқызы**

Т/Б

Құттықтаймыз!

Бұқар жырау ауданы, Үміткер ауылының тумасы, қазіргі Қарағанды қаласының тұрғыны, **Серік Бәкішұлы БАЛПАНОВ** Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы атағының иегері, оқу-ағарту үздігі, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері. Арамызда үлгі боп, көш бастап жүрген Құрметті Серік аға, Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен және Салтанат жеңгеміз екеуіңіздің Алтын тойларыңызбен құттықтап, мына жыр жолдарын жолдаймын:

Жігіттердің ішінде сері, дара,
Жасымнан үлгі тұтқам сені ғана.
Жастығыңда жалындап көзге түсіп,
Жетпісіңе жетіпсің, Серік аға!

Соңыңыздан інің ем ерген ізден,
Орның бөлек ағайын, елге, бізбен.
Мерейтойың, Алтын той құтты болсын,
Ғұмыр кешкен Салтанат жеңгемізбен!

Еңбегіңді ел-жұртың елеген-ді,
Ата болдың алдыңа ап немереңді.
Қызық көріп, шөбере сүйіп тағы,
Жүзді тойлау сіздерге керек енді!

Ізгі ниетпен тілек білдіруші: ініңіз және келініңіз **Закария-Нәсіп**.

№497

«НураЭнергия» ЖШС 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап электр энергиясын тұрмыстық емес қажеттіліктерге пайдаланатын тұтынушылар үшін (ЖШС, АЖ, КХ және т.б.) электр энергиясының тарифі өзгеруі туралы хабарлайды».

№223

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Тағылымдама тәжірибені ұштайды

Денсаулық

Аймақтың медициналық қызметкерлері 12-25 тамыз аралығында Израильдің Нагария қаласында тағылымдамадан өтті. Мамандар шетелде онкология және ядролық медицина, сондай-ақ кардиология, кардиохирургия, инсульт орталықтары тақырыптарында тағылымдаманы аяқтады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстан барған 12 дәрігер Израиль дәрігерлерінің тәжірибесін біліп, тікелей танысуға мүмкіндік алды. Оның ішінде №2 көпсалалы ауруханасынан бес дәрігер, профессор Х.Мақажанов атындағы көпсалалы ауруханасынан – екі және №3 көпсалалы ауруханасынан – бес маман бар.

Тағылымдама жоспары бойынша оқыту әуелі симуляторларда, содан кейін операциялық бөлмелерде өтті. Кардиохирургтер ашық жүрекке операция жасаса, онкохирургтер да Винчи роботында және лапароскопиялық операцияларда тәжірибеден өтіп, минималды инвазивті араласулар мен диагностика жүргізді.

Аймақтың денсаулық сақтау саласы мамандары жыл сайын алыс-жақын шетелдерге шығып, тағылымдамадан өтеді. Сол арқылы тәжірибе жинақтайды. Мамандарды оқыту шаралары облыстық бюджет есебінен қаржыландырылатынын айта кету керек.

Еске алу

2022 жылғы 10 қыркүйек күні ортамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген Дастан баламыздан, бауырымыздан, ағамыздан, іниізден қапияда айырылдық. Бір қанатымыз қайырылды. «Өлшеулі өмір» дейтін халық сөзі бар. Маңдайға басылған мөр мен жазылған жазуды ешкім өзгерте алмайды. Дастанның ғұмырдариясы енді мәңгілік ағысқа ауысты.

Ақтоғай аймағындағы бір бәйтерек әулеттің негізін қалаған Досмақ атамыздың ұрпағы, Мұқтар немересі, **Дастан ҚАБЖАН (Қабдолла) ұлы** 1982 жылы 7 тамызда Жезқазған қаласында туған. Тобықтыдан тараған Рыспетек-Көкше-Топыш-Төлебай-Жәнібектей текті бабаларының тұяғының бірі болатын. Мұқтар атасы мен Күләш әжесі ерекше жақсы көріп, Дастанның болашағынан үлкен үміт күтетін еді.

Жастайынан Алланың сынағына түсіп, аурумен арпалысса да, қажырлылығымен, қайратымен өмірден өз орнын таба білді. Жезқазғандағы математикалық бейіндегі №4 орта мектепті жақсы бітіріп, Байқоңыров атындағы университеттің заң факультетінде оқып, «заңгер» мамандығын алды. Облыс орталығы Қарағандыдағы мамандыққа екшеу конкурсынан қиналмай өтіп, Жезқазғандағы ауданаралық әкімшілік сотына бас маман-сот хатшысы қызметіне орналасты. Білімі мен біліктілігі, парасаттылығы мен жауапкершілігінің арқасында әріптестерінің, қатарластарының алдында шынайы беделге ие болды.

Әулетіндегі ата-бабалары секілді ізгілікті, әділдікті, қарапайымдылықты ту етіп ұстаған азамат еді. Судья болсам, осы білімім мен біліктілігімді егемен еліміздегі сот саласының дамуына бағыттасам, соған үлесімді қоссам деп талпынды, армандады. 2008 жылдан бастап талай тестілеулерден, конкурстардан өтсе де, оның бұл арманы орындалмады. Бәлкім осы жолдағы қиналыстар Дастанның ғұмырының едәуір бөлігінің жоғалуына да себеп болған шығар деп те ойлайсың. Әттең-ай, әттең!...

Дастанның тұла бойы арман еді. Алайда, қамшының сабындай қысқа ғұмыр оның қарым-қабілетіне қарамады, үмітін сезінбеді, ұмтылысын ұқпады.

Дастан біз үшін тәтті мұң – сағынышқа айналды. Енді біздің қолдан келетіні – оны мәңгілік сағыну, аруағына қол жайып, Құран бағыштау. Жатқан жерің жарық, топырағың мамық, алдың пейіш, артың кеніш болсын дей отырып, ескерткіш тақтасына жазылған мына бір шумақты арнаймыз:

Бұл өмірдің көре де алмай қызығын,
Қылшылдаған қырық жаста үзілдің.
Пейіш болсын мекенжайың, Дастаным,
Жарқылдаған заңғар биік – Аспаным!

Еске алушылар: **ата-анасы, бауырлары, туыстары**.

P.S. *Дастанның жылдық асы 2023 жылғы 2 қыркүйек күні сағат 12.00-де Қарағанды қаласы Сатыбалдин көшесі, № 11/4 үйде орналасқан «Береке» (бұрынғы «Қоңыр») мейрамханасында беріледі.*

№495

• КЕДЕН

Декларацияланбаған тауар тәркіленді

Қарағанды әуежайында кедендік шекарадан өткен жолаушының қол жүгі мен багажын Кедендік бақылау барысында тауарлардың декларацияланбаған коммерциялық партиясы анықталды. Технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектер декларацияланбағаны үшін тәркіленді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің мәлімдеуінше, 20 тамызда «Әуежай-Қарағанды» кеден бекетінің қызметкерлері ҚР ҰҚК ШҚ «Қарағанды» шекаралық бақылау бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп, Қарағанды қаласының «Сарыарқа» халықаралық әуежайында Түркия Республикасының азаматын ұстаған.

Антальядан әуе рейсімен келген және жасыл дәліз арқылы кедендік шекарадан өткен жолаушының қол жүгі мен багажын Кедендік бақылау барысында тауарлардың декларацияланбаған коммерциялық партиясы (технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектер) анықталды.

Құқық бұзушыға қатысты ҚР ӘҚБтК 551-бабының 1-бөлігі бойынша тауарларды кедендік декларацияламағаны үшін әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырылды. Сондай-ақ, 30 АЕК немесе 103 500 теңге сомасында әкімшілік айыппұл салынды. Алынған тауарлар уақытша сақтау қоймасына орналастырылды. Кедендік декларациялауды және тиесілі кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді жүзеге асыру мақсатында тауарлардың кедендік құнын анықтау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Департаментте Еуразиялық экономикалық одақ аумағында жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізудің бірыңғай тәртібі (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы «Жеке пайдалануға арналған тауарларға байланысты жекелеген мәселелер туралы» № 107 шешімімен бекітілген) қолданылатынын еске салды. Шешімде жеке пайдалануға арналған тауарларды әкелудің құндық, салмақтық және сандық нормалары бекітілген.

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

БӘЙГЕ! БӘЙГЕ! БӘЙГЕ!

Қарағаны көп, қазынасы мол Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры қаланың өткені мен бүгінін арқау еткен, жалпы қала тұрғындарының, шахтерлер мен құрылысшылар өмірінің қызығы мен шыжығынан сыр тартатын комедия жанрындағы пьесаларға конкурс жариялайды. Аймақ қаламгерлерінен шынайы өмірді суреттейтін көркем дүние, астарлы әзіл мен қалжың, күлкілі, бірақ тағылымды комедиялық шығармалар күтеміз!

Бәйгеге қатысып, бақ сынаңыздар! Конкурсқа келіп түскен шығармалар ішінен алдағы жылы академиялық қазақ драма театрының киелі сахнасында қойылар әдеби көркем комедиялық пьесаны театрдың көркемдік кеңесі қарап, таңдайды.

Пьеса көлемі – Times New Roman, 14-ші шрифтпен жазылған 30-35 беттен аспауы тиіс.

Конкурсқа деген шығарманы осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, 2023 жылдың 1 желтоқсанына дейін бүркеншік атпен Сәкен театрының электронды поштасына: seyfullin_teatry@mail.ru жолдауларыңызға болады.

№501

Өмірге құштарлық

(Соңы. Басы 1-бетте).

Әкесі бұл күйікке шыдамай жүрегі тоқтап қалған еді. Мұндай жағдайлар өте көп, – деді ол.

Кәріпбек Телтайұлы өзінің өмір тарихын айтып, жастардың ойына қозғау салды.

– Кез келген қазақтың анасы батыр ұлды дүниеге әкелгісі келеді. Менің екі қолсыз дүниеге келгенімді көргенде оған оңай болмаған. «Анасы қаламаса, бір екпе жасайық» ұсынылыпты дәрігерлер. Алайда әкем келіп, тыпырлап жатқан мені көріп, бірден үйге алып кетіпті. Әкеме өмір бақи ризашылығымды айтып өтемін. Ол менен ештеңесін аямады. Оқуға түсірді, білім алуға барлық жағдай жасады. Әкемнің батыл шешімінің арқасында мен қазіргі дәрежеме жетіп отырмын. Ата-анама, оқытқан ұстаздарыма бас иемін, – деді Кәріпбек Телтайұлы.

«Өмірге қандай күйде келсең, солай бейімделесің» дейді кейіпкер. Мектеп кезінде ол суда жүзген, шаңғы да тепкен, ойыншықтар да тіккен. «Мен бәрін де байқап көрдім. Қолымнан келмейді дегенім жоқ. Әр нәрсені үйренуге құштарлығым зор болатын. Адамның жаны нені қаласа, соны істейді, мақсатына жетеді» деп жастарға ой салды.

Екі қолсыз дүниеге келген, өмірді сол күйінде қабылдаған жан бүгінде әлемге аты әйгілі суретшіге айналды. Қылқаламның құдіретімен өз картиналарында адамзаттың қасіретін жеткізді. Сонысын әлем мойындады. Кәріпбек Күйіков Нобель сыйлығының номинанты болды. Әлемнің бірнеше елінде Кәріпбек Телтайұлының картиналары көрмеге қойылды. Сондай-ақ, ол «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының белсендісі болып, Семей ядролық полигонының жабылуына зор үлес қосты. Жастармен кездесуде Кәріпбек Телтайұлы «Невада-Семей» қозғалысы туралы да айтып өтті.

– Семей полигоны – КСРО-ның ядролық сынақ полигондарының бірі, аса маңызды стратегиялық нысанасы болды. КСРО ядролық сынақ жүргізуге Қазақстанды таңдады. Өйткені далалық жері көп, халық саны аз. Қазақстанда 1949 жылы алғаш рет сынақ басталды. Семей полигоны жабылғанға дейін қазақ даласында қаншама жарылыс жасалды. Ата-анам сол сынақтарды өз көзімен көрген. Картиналарымда сол ядролық жарылыс сәтін, сынақтың зардабы тиген қазақ шаңырағын бейнеледім, – деді суретші.

Замананың ащы шындығын көзбен көрген ол өз туындыларында көбіне-көп полигон зардаптарын бейнеледі.

– Жастар Кәріпбек Күйіковтің әңгімесін ұйып тыңдады. Қатысушылар адамзатқа зор қасірет әкелген ядролық сынақтың зардабы туралы біліп, көзіне жас алды, – деді American Corner Karaganda орталығының ұйлестірушісі Ғалымжан Қырықбай.

American Corner Karaganda – Америка елшілігінің қолдауымен Қарағандыда ашылған ресурстық орталық. 2006 жылдан бері Гоголь атындағы кітапханамен бірлесіп, жұмыс істеп келді. Кездесу соңында American Corner Karaganda орталығының мүшелері Кәріпбек Телтайұлына естелік сыйлық табыс етті.

– Бала кезімізден Кәріпбек Күйіковтің шығармашылығы мен қажырлы еңбегі туралы біліп өстік. Соған қарамастан, аты аңызға айналған тұлғаны өз көзімізбен көру – біз үшін үлкен мәртебе. Болашақта біз ол кісімен тағы да жолымыз тоғысып, жаңа жетістіктері мен еңбектері туралы естиміз деп үміттенемін, – деді VolteQ клубының белсендісі, ерікті Ділназ Түркенова.

Кездесу соңында оқырман назарына «Ядролық қарусыз әлемнің болашағы» суретті кітап көрмесі ұсынылды.

● МАРАФОН-БӘЙГЕ

«Ұлы Дала жорығы» басталады

Қыркүйекте «Ұлы Дала жорығы» бірегей марафон-бәйгесінің екінші маусымы басталады. 6-19 қыркүйек аралығында Астана-Түркістан бағытындағы ауқымды спорттық марафон қатысушылары Ақмола, Қарағанды, Қызылорда, Түркістан және Ұлытау облыстары арқылы шамамен 1300 шақырымды жүріп өтпек.

Оған еліміздің әр аймағынан жиналған командалардың 100 шабандозы қатысады. «Ұлы Дала жорығы» марафонының мақсаты – бірегей ұлттық бренд құру, дәстүрлі ат спортын, атап айтқанда, қазақтың қазанат жылқы тұқымын танымал ету.

– Мұндай жарыстар БАӘ, АҚШ, Испания, Франция, Ұлыбритания, Германия, Канада және Аустралия сияқты елдерде Халықаралық ат спорты федерациясының (FEI) қамқорлығымен үнемі өтіп тұрады. Сондықтан, жобаның халықаралық деңгейде ауқымды оқиғаға айналуға мүмкіндігі мол, – деді Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов.

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Иорданияда топ жарды

Иорданияда «WTT Youth contender Amman 2023» үстел теннисінен халықаралық турнир өтті. Онда 17 жас санатында алтын медальді қарағандылық Алан Құрманғалиев (жаттықтырушысы Эльмира Әлиева) жеңіп алып, ел мерейін тасытты.

– Алан ел намысын жалғыз қорғауда. Турнирде Сауд Арабия, Иордания, Біріккен Араб Әмірлігі спортшыларын жеңіп, жартылай финалға еркін шықты. Кейін катарлықты жеңіп, ақтық сында Египет спортшысына ешқандай мүмкіндік қалдырмады. Барлық қарсыласын 3:0 нәтижесімен жеңіп, алтыннан медаль тағынды. Алда 19 жас санатында бақ сынайды. Тақым қысып отырмыз, – деді жаттықтырушысы Эльмира Әлиева.

Аланның жасы небары 16-да. Эльмира Әлиева оны 7 жасынан бастап жаттықтырып келеді. Бас-аяғы 1-2 жылдың ішінде жоғары нәтиже көрсетіп, 28 халықаралық старт медаль жеңіп алған. 12 алтын, 7 күміс және 9 қола. Қазір табандылықпен жаттығып, дағдыларын жетілдіру үстінде.

● ҚҰРМЕТ

Чемпиондар аллеясы ашылды

Чемпиондарға құрмет. Қарағандыдағы Қазыбек Нұржанов атындағы жеңіл атлетика манежінің ауласында чемпиондар аллеясы ашылды. Аллеяда Олимпиадада, Әлем чемпионатында және құрлықтық додаларда ел байрағын желбіреткен жерлестеріміздің есімі қашалған тақталар орнатылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тақталар тізбегі 1980, 1988 жылдары өткен Олимпиадалардың жеңімпазы, жеңіл атлетика аңызы Владимир Муравьевтің есімімен басталады. Одан кейін Олимпиада және Әлем чемпионатының жүлдегері Дмитрий Карпов, Азия чемпионатының жеңімпаздары Сергей Засимович пен Марина Аитова тұр. Тағы екі тақтаны ырымдап бос қойған. Бапкерлер алдағы Азия ойындары мен Олимпиадада қарағандылықтар топ жарады деген үміттте.

Аллеяның ашылу рәсіміне жас спортшылар мен ардагер атлеттер және бапкерлер қатысты.

– Аллеяны ашудағы мақсатымыз айқын. Чемпиондарды дәріптеу арқылы жас ұрпақты саламатты өмір салтына баулу және кейінгі толқынға жігер беру. Олар осы аға-әпкелеріне қарап, бой түзесе дейміз. Бұл аллея – мектебіміздің көркі болмақ, – деді облыстық жеңіл атлетика спорт мектебінің директоры Нұрлан Түсіпов.

Чемпиондардың есімі жазылған тақта шыныдан жасалған. Асты темірден. Түнде жарқырайды. Спорт және мәдениет қызметкері Алмагүл Үсерованың сөзінше, бұл аллея ел намысын қорғауда, әлемдік аренада даңқымызды асқақтату үшін бүкіл қажыр-қайратын арнаған спортшыларға көрсеткен құрмет.

– Халқының абыройы үшін тер төккен спортшыларға барынша құрмет көрсету керек. Келешекте бұдан да зор жетістіктерге жетсек деп тілеймін. Қарағанды жеңіл атлетика мектебінің деңгейі жоғары. Бұл қабырғадан талай чемпиондар түлеп, ұшқан. Жас буынға да сенім зор. Үміт артамыз. Бапкерлер құрамына да көңіл толады. Өз ісінің мамандары. Көп жылдық тәжірибелері бар. Облыс басшылығы тарапынан қолдау бар. Барынша жағдай жасап отыр. Спортшыларымыз тек жүлде алса болды, – деді Алмагүл Үсерова.

Салтанатты шара соңында Қазыбек Нұржанов атындағы жеңіл атлетика манежінің бапкерлеріне «Еңбек даңқы» медалі табысталды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● СТРИТБОЛ

Қарағандының қарқыны басым

Саран қаласында 12-18 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында баскетболдың стритбол деп аталатын түрінен жарыс өтті. Аталған сайысқа Қарағанды, Абай, Шахтинск, Теміртау және Қарқаралы аудандарынан 30-ға жуық команда қатысты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жарыс өткен спорт және алдағы Конституция күніне арналды.

– Жастардың спортқа деген қызығушылығы қуантады. Оның үстіне, бұқаралық спортты дамыту бағытында жасалып жатқан жұмыстар да өте қарқынды. Осындай спорттық шараларға демеушілік танытқан «Алтын арна» холдингіне алғысымыз шексіз, – дейді Саран қаласы спорт орталығының басшысы Евгений Хисметов.

Жалпы, стритбол бұл – баскетболдың бір түрі. Әр команда үш ойыншыдан тұрады. Сонымен қатар, ойын – алаңның тек бір жағында ғана өтеді.

Сонымен I орынды қарағандылық «Space Jam» командасы жеңіп алса, II орын Абай қаласының «Монстр» командасына бұйырды. Ал, үздік үштікті «So jee» командасы иеленді. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар мен медальдар табысталды.

● САМБО

Қоржында қос алтын, төрт қола

Қырғызстанның Шолпон-Ата қаласында спорттық және жауынгерлік самбодан Әлем кубогі өтті. Жер шарының 10 елінен палуандар жиналды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қырғыз елінде ел абыройын асқақтатып, қоржынға қос алтын, төрт қола медаль салғандар қатарында 64 келі салмақта қарағандылық Жандос Бейсенбаев бар. Ол өз салмағында қарсылас шақ келтірмей, жеңіске айқын басымдықпен жетті. Сонымен қатар, 71 келі салмақ сапында Дидар Тұқышев қола жүлде иеленді. Ал, қазақстандық құраманың тағы бір мүшесі Асылжан Орынбасаров 65 келіде алтын алды. Сондай-ақ, 72 келіде Фариза Нұрсейітова және Назерке Дәулетжан қолаға қол жеткізіп, жанкүйер қауымға тамаша жеңіс сыйлады.

● ГРЭППЛИНГ

Үш палуан – үш медаль!

Варшавада өткен жастар мен ересектер арасында грэпплингтен әлем чемпионатына 21 елден 804 спортшы қатысты. Қазақстан құрамасында Қарағанды облысының үш өкілі ел намысын қорғап, жоғары нәтиже көрсетті. Жанұзақ Айтбаев пен Ивашкин Александр алтын, Мейірбек Есқазиев күміс медаль иеленді.

Жанұзақ Айтбаев Варшавадағы тартысты өткен алғашқы екі жекпе-жекте мерзімінен бұрын жеңіске жетті. Қалған жекпе-жектер де сәтті өтіп, үздік атанды.

Ал, А.Ивашкин мен М.Есқазиев әлемдік біріншілікке алғаш рет қатысып отыр. Мейірбек ақтық сында жеңісті Польшадан келген спортшыға беріп қойды. Төрешілердің шешімі бойынша күміс жүлдеге лайық деп танылды.

Мұнда грэпплингтен Қарағанды облысының аға жаттықтырушысы Вадим Брамонтовтың тынымсыз еңбегі бар екенін атап өткен жөн.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 396

№ 95 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ІЛИЯШ**